WiMAXIP жүйе ретінде рұқсаты мен магистральді жүйелер нақтылығының тазалығын қарастырады. Бұдан басқа, WiMAX радиостанса толқыны контентке жеткізуде кедергісіз жеткізілетін болып жобаланған. Сондықтан, WiMAX (BSS) деректер стансасы, (SSS/ MSS) абоненттік дәйектелген және мобильді стансалар (SSS/ MSS) IP деректерінің қызметін ұсынуға өте оңтайлы келеді; (TriplePlay) VoIP, IPTV, MAN жүйелеріндегі сымсыз интернет – мультимедиялар. WiMAX жүйесінің қол жетімділігі кез келген нүктедегі контентке ұсынылатын болады. WiMAX деректері шешімінің қабілеттілігі IPTV бейне, аудио сапасын жоғары деңгейде, тиімді бағамен, ауылды және алыс аймақтарда ұсына алады.

WiMAX мобильді тұтынушыларға мәліметтерді берудің жоғары жылдамдығын қамтамасыз етеді, VoD қызметтерін пайдалану тек осы жүйеде ғана іске асырылады. IPTV тұтынушыларына VoD қызметтеріне ие болуға, сондай-ақ өз қалаулары бойынша арналарға жазылуды жүзеге асыруға көптеген жеңілдіктер береді [17]. Таралу үшін тексерілген бизнес-үлгі IPTV мынадай: алдымен дестесінде бірнеше телебағдарламалар бар, кең жолақты қол жетімді қызмет ұсынылады (Интернет). Кейін ақылы телеарнаның едәуір кең спектрі қолданылады. IPTV сымсыз кеңжолақты жүйедегі қызметтер олардың ажырамас бөлігі болып қалыптасатындығына еш күмән жоқ. Таралу үшін тексерілген бизнес-үлгі IPTV мынадай: алдымен дестесінде бірнеше телебағдарламалар бар, кең жолақты қол жетімді қызмет ұсынылады (Интернет). Кейін ақылы телеарнаның едәуір кең спектрі қолданылады.

1.8 IPTV қызметін басқарудың тиімді тәсілдері

Жаңа қызметтерді енгізу мен бар қызметтерді сүйемелеу, лайықты желілік ресурстарды талап етеді [54]. Сонымен қатар қазіргі таңдағы инфокоммуникациялық қызметтер, жаңа ғасыр желілерін құруының негізі болып келетін, жаңа телекоммоникациялық және ақпараттық технологиялар негізінде құрылады.

IPTV қызметтерін түрлі транспорттық технологиялар көмегімен атқарылатындықтан, оның сапасына кепілдік беру үшін қосымша IPTV серверлерін ғана басқарып қоймай, IPTV-трафигін жіберу және хабарлауда қатысатын барлық желілік элементтерімен де басқару қажет [13]. Бұл жағдай IPTV инфрақұрылымын күрделендіреді және осы тәріздес қызметтерді ұсыну бағасын жоғарылатады, сондықтан IPTV сапасын қамсыздандыруды оператордың ішкі шығындарын барынша азайту негізінде қарастыру қажет. [14][16].

IPTV сапасын қамсыздандыру міндетінің ең бірінші мәселесі – бейнетрафик және IP-желісі компоненттерін үздіксіз қадағалау және басқару қажеттілігі.

Екінші мәселе IPTV қызметін жою, түрлендіру және қызметке қосылу процесін жеңілдету, яғни пайдалану шығындарын азайту.

IPTV провайдерларының «Сұраныс бойынша бейне», «Виртуалды бейнемагнитофон», «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» сияқты бірегей сервистерін ұсыну кезінде бәсекелестік артықшылыққа ие болу ынтасы, осыларды ұсынудың жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігін туғызады. Осы сервестер, алдында айтылғандай, трафикті бірадресты жіберу режимінде жеткізілуі, бір мезгілде деректер тарату желісіне талаптарды арттырады, яғни әр пайдаланушыға тиісті ағын жіберіледі. Басқа жағынан қарасақ, аналитикалық агенттіктерінің болжамдары бойынша, шын мәнінде абонент пен провайдер контенті моделінің қарым-қатынастары түбегейлі өзгермек, яғни абонент қалаған бағдарлама тізімін өзі құрады [66]. Бұл жұмыста, оператордың мәлімет тарату желісіндегі күшті оңтайландыруды шешудің жолының бірі тірек желісі мен ұлықсат желілері шегіне, әр хабарлайтын телебағдарламаларының алғашқы бірнеше минутын кэштейтін, әбден белгілі және талап етілетін контенттерді кэштейтін, прокси-серверлерін орнату, осылайша бір ағынның ішінде бірнеше абоненттер сұраныстарына қызмет көрсету, бірталай желіге түсетін күшті төмендетеді [7].

Қолданбалы құрылғылар конвергенция шарттары негізінде түрлі-түрлі болып келеді: компьютерлер, қалталық дербес компьютерлер, копфункционалды телефондар және т.б. [53]. Бірнеше сервистер қатарын ұсыну үшін, мысалы «Сұраныс бойынша бейне», әр түрлі құрылғылар түрлі талаптар қояды. Мысалға, таңдалған фильм басы минималды кідіріспен жаңғырылуы үшін контентті кэштеуді қолдану керек, бірақ кей кезде (мысалы, абонент аз мөлшердегі дисктік кеңістігі ғана бар, яғни ұялы телефон немесе басқа

құрылғыны қолданбақ болса) клиенттік құрылғы жағынан қажет ақпарат көлемін кэштеу жоқ болады [11]. Осындай жағдайда да прокси-серверді қолданған кезде, оператормен ұсынылатын бейнебағдарламалардың алғашқы бірнеше минуты кэштеледі.

Бұл жұмыста аз мөлшердегі дискілік сыйымдылықтағы прокси-серверлерінің, Сұраныс бойынша бейне» және «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» сияқты IPTV қызметтерін ұсыну барысында тиімділігін арттыру мүмкіндіктері қарастырылған.

Дәл осы уақытта Интернет желілері арқашанда қызмет көрсету сапасына (QoS, Quality of Service) кепілдік бере алмайды. Одан бөлек желі құрылымының бір тектілігі және видеоақпараттың тарату және қабылдау жүйесінің сипаттамасы нақты уақыт мезетіндегі таратуды жиі қиындатады. Осылайша, қызмет көрсету және жіберілген видеоақпарт сапасын жақсарту мақсатында қолайлы механизмдерді қолдану талап етіледі.

Дипломдық жобада қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында аралық проксисерверде мәліметтерді кэштеу әдістері зерттеледі.

Ақпаратқа қатынаудың уақыт кідірісін азайту үшін, сонымен қатар сервердің жүктеу деңгейі немесе клиентке жақын орналасқан проксисервердағы танымал мәліметтерді желіде кэштеу ыңғайлы. Мәлімет ағындарын тарату кезіндегі негізгі кэштеу әдістері:

Жылжымалы ара-қашықтықпен кэштеу – бұл әр таратылушы бағдарламаның жылжымалы терезе сегментімен қолма қол бірнеше минутта таратылуы тұтынушы жағынан сұраныстардың қомақты бөлігін қамтамасыз етуі мүмкін, ол өз кезегінде шектелген сыйымдылығы бар бөлінген жинақтаушыларды тиімді қолдануға мүмкіндік береді [13].

Префиксті кэштеу – көп жағдайда бір қатынау технологиясын қолданатын абоненттерге қызмет түрлерін ұсынуға негізделген.

Сегменттеуге негізделген кэштау әдістері дәстүрлі желі объектілермен салыстырғандағы мультимедиалық ағынның үлкен мөлшері әсерінен мультимедианың ағыны үшін пайдаланылады.

Сегменттеуге негізделген кэштеу әдісі мультимедианы ағынды жіберу үшін қолданылады.

Диплодық жобада IPTV-дің «Уақыт бойынша қозғалған теледидар», «Сұраным бойынша бейне» секілді қызметтерінің тиімділігін арттыру үшін көп емес дискілі көлемде прокси-серверларды қолдану мүмкіндігі қарастырылған.

1.9 Қазақстандағы негізгі IPTV түйіндері

«Казахтелеком» АҚ желісінде екі IPTV типті түйін бар. Орталық IPTV түйіндері Алматы, Астана және Атырау қалаларында орнатылады және ол құрайды:

– HE (Head End) құрылғысы спутникті, эфирлі және кәбілді теледидар сигналдарын қабылдайды, желі арқылы таратуға қажет форматқа айырбастайды және контентті кодтайды;

– STB басқару үшін iVision қызмет көрсететін серверлар (Атыраудан басқа);

– VoD серверлары (Атыраудан басқа).

– Локальді IPTV түйіні әрбір ОДТда және ГЦТда орнатылуы қажет және мыналадан тұруы қажет:

– STB басқару үшін iVision қызмет көрсететін серверлар (Алматы мен Астанадан басқа);

– VoD серверлары (Астанадан басқа).

Алматыда тек VoD сервердан тұратын екі локальді түйін орнатылады. STB басқару үшін Алматының орталық түйініндегі қондырғы қолданылады. Алматының орталық түйіні ДКП магистральді желісіне қосылған (МСПД).

Астанада және Атыраудағы орталық түйіндер қалалық желіге (ГСПД) белгіленген video PE МСПДда жоқ болғандықтан қосылған.

Астанада локальді түйіндер орнатылмаған. Астанадағы STB абоненттерін басқару үшін және VoD тарату үшін орталық түйіннің серверлары қолданылады.

Алматы және Астана қалаларына көрінбейтін, басқару және VoD серверларынан тұрмайтын Атыраудағы орталық түйін тек кең ауқымды теледидар арналарын қабылдау мен тарату үшін жұмыс атқарады. Атыраудағы STB абоненттерін басқару және VoD тарату үшін локальді түйін қолданылады.

Әртүрлі аймақтық түйіндерде орнатылған құрылғылардың түрлерін үлестіру 1.3 - кестеде көрсетілген.

1.3 - к е с т е. Құрылғылардың түрлерін түйіндерде үлестіру

Аймақ	Орталық түйін			Жергілікті түйін	
	HE	iVision	VoD	iVision	VoD
Алматы	X	X	X		X
Астана	X	X	X		
Атырау	X			X	X
Қалған аймақтар				X	X

Бұл кестеде көрсетілген құрылғыларды сұлбадан көруге болады. Сонымен қатар Қазақстандағы басты түйін қалаларына жалғасқан өзге қалардағы маршрутты құрылғылары көрсетілген. Қазақстандағы IPTV-дің басты құрылғыларының түйіндері А қосымша сұлбада көрсетілген.

1.10 Мақсаттың қойылуы және жоба тапсырмалары

Тұтынушылардың сұранысы бойынша және сұранысының жүзеге асу мақсатында IPTV қызметтерінің сапасын арттыру мәселелерін шешуіне сәйкес IPTV-дің жаңа қызмет түрлерін оңтайлау шешімдерін қолдану, мысалы «Уақыт бойынша қозғалған теледидар», «Сұраным бойынша бейне көрініс».

Осы дипломдық жобада келесі тапсырмалар орындалуы тиіс:

− «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметі үшін кэштеу алгоритмін құрастыру;

− «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметінің имитациялық моделін жасау;

− «Сұраным бойынша бейне көрініс» қызметін оңтайландыру үшін кэштеу әдістерінің талдау;

− IPTV қызмет көрсету сапасын есептеу;

− сенімділігін есептеу;

− тіршілік қауіпсіздікті қарастыру;

− бизнес-жоспар құру.

2 NGN желісіндегі IPTV қызметін басқару моделі мен әдісі

2.1 «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметін ұйымдастыру қағидалары

Соңғы жылдар аралығында жетімді архитектура желілері мультисервистік және мультиоператорлық желілер бағытында дамуда. Ethernet технологиясы, альтернативті дестені технологиялары сияқты тыңғылықты зерттелді және ескірген ATM [30] платформасының жалғастырушысы болып табылады. Сондай-ақ Ethernet технологиясына енгізілген жетістіктер кезінде (мысалы, VLAN қолдану) болған кейбір мәселелерді шешті, жаңадан мәселелер туындады. Трафикты сегрегациялау мәселелері, мекен-жайды анықтау күрделігі арқасында желілерді масштабты жетілдіруге кедергі келтіреді және сондай-ақ осының арқасында IP хаттамасына негізделген желілік модельдің альтернативі туралы сұрақ туады, [29], [32].

IP үстіндегі теледидар – кейінгі шыққан қызметтердің бірі. Осы уақытта IPTV қызметтері "Сұраным бойынша бейнекөрініс" (VoD) сервисімен және кеңтанымдық теледидармен шектелген [33]. "Сұраным бойынша бейнекөрініс" қызметі үшін серверлар әдеттегідей тірек желісі шекарасында жайғасады және қызметтерді кеңмасштабта жетілдіру жағдайында жеткізу желілеріне ауыртпалығын түсіреді. Өзара әсер етуші, дәл солай сатылы таратылған кэштер мен агрегат түйіндеріндегі жинақтаушылар орнатқанда «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» (tsTV) қызметтерін ұйымдастыру үшін орынды тәсілдемені қарастыру керек. Бұл арнайы шектелген өткізгіш мүмкіндігі және едәуір жоғары құны бар бейнекөрініс ті (жеке бейнемагнитофондар) сақтау үшін арнайы бөлінген қолданушы құрылғы қолданылатын баламалы тәсілдеме болып табылады.

«Уақыт бойынша қозғалған теледидар» соңғы қолданушыға телебағдарламаларды бастапқы берілген уақыты бойынша кейбір айырмашылықтармен көруге мүмкіндік береді. Яғни, соңғы қолданушы осы бағдарламаның таратылған хабары басталып немесе бітіп қалсада теле бағдарламаларды басынан бастап көре алады.

Broadcasters Audience Research Board (Ұлыбритания) және The Nielsen Company (АҚШ) өткізілген статистикалық зерттеулер деректері бойынша (2.1-сурет) телевизиялық көрсетілімнің әйгілілігі әдетте өзінің шыңына хабарлама басталғаннан кейін бірнеше минуттардан соң жетеді де экспонентті түрде азаяды. Бұл әр таратылушы бағдарламаның жылжымалы терезе сегментімен қолма қол бірнеше минутта таратылуы тұтынушы жағынан сұраныстардың қомақты бөлігін қамтамасыз етуі мүмкін, ол өз кезегінде шектелген сыйымдылығы бар бөлінген жинақтаушыларды тиімді қолдануға мүмкіндік береді [26].



2.1- сурет. Көрсетілімнің ұзақтығына байланысты сұранымдардың санының тәуелділігі

Уақыт бойынша қозғалған теледидарды ұйымдастыру мақсатында 2.2-суретте: (а) қол жеткізу топологиясы, (б) қызметтер ағыны диаграммасы көрсетілген. 2.2а және 2.2б-суреттерде, мысалға, нақты бір телевизиялық бағдарламаның таратылуын сұраған 1–ші қолданушы, оны орталық сервердан алады. Осыдан кейін басқа қолданушылар (мысалы, 2 қолданушы) басқа бағдарламаның терезесі өскенше прокси-сервермен қамтамасыз етіледі.

Бірнеше минуттардан кейін терезе өсуін тоқтатып жылжи бастағанда 3-ші қолданушыға қызмет көрсетілмегенде орталық немесе аймақтық серверге бағыттап жіберіледі, ал біріккен кэште – көрші прокси-сервер тиісті сегменті болса, соған.

Бағдарламаны таратуды тоқтату (2.2б-суреттегі көлденең қатар оське) терезенің сегмент шеңберінде жүзеге асуы мүмкін, сондай–ақ алдыға артқа жылдам ораудың салдарынан (тік ось бойымен) [27].

Жоғарыда аталған серверлер орналасқан орнына және ұсынылатын қызметтеріне байланысты бірнеше нұсқаларға бөлінуі мүмкін:

– орталық сервер барлық қол жетімді контентті сақтайды (теледидарлық бағдарламалар), алайда әйгілі емес немесе ескі бағдарламалардың сұранысын қамтамасыз етуге қолданылады;

– аймақтық сервер әдеттегідей неғұрлым әйгілі бағдарламаларды, жақында көрсетілген теле фильмдерді немесе ток-шоуды сақтайды. Бұл серверлер бейне көрініс трафигінің қызметін ішкі желіге кіруге шектей отырып желінің ортасындағы шекарада орналасды;

– прокси-серверлар қолданушыларға жақын орналасады және тек әйгілі контенттің фрагменттерін сақтайды. «Сұраным бойынша бейнекөрініс» қызметтерінің тек аймақ пен орталық серверлар қолданылатын дәстүрлі технологиялардан айырмашылығы «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметі үшін прокси-серверлардың таңдауы контентті қолдануға байланысты кэштеу стратегиясын қолдануға, дамытылған жүйені динамикалық өзгертуге мүмкіндік береді. Одан басқа осы прокси-серверлардың көмегімен тұтынушылар әртүрлі интерактивтік командаларды қолдана алады. Айтылған сипаттамалар және ұйымдастырудар 2.2-суретте көрсетілген.



а - қол жеткізу топологиясы, б - қызметтер ағыны диаграммасы

2.2 - сурет. Уақыт бойынша қозғалған теледидар

Бірнеше минуттардан кейін терезе өсуін тоқтатып жылжи бастағанда 3-ші қолданушыға қызмет көрсетілмегенде орталық немесе аймақтық серверге бағыттап жіберіледі, ал біріккен кэште – көрші прокси-сервер тиісті сегменті болса, соған.

Бағдарламаны таратуды тоқтату (2.2б-суреттегі көлденең қатар оське) терезенің сегмент шеңберінде жүзеге асуы мүмкін, сондай–ақ алдыға артқа жылдам ораудың салдарынан (тік ось бойымен) [27].

Жоғарыда аталған серверлер орналасқан орнына және ұсынылатын қызметтеріне байланысты бірнеше нұсқаларға бөлінуі мүмкін:

– орталық сервер барлық қол жетімді контентті сақтайды (теледидарлық бағдарламалар), алайда әйгілі емес немесе ескі бағдарламалардың сұранысын қамтамасыз етуге қолданылады;

– аймақтық сервер әдеттегідей неғұрлым әйгілі бағдарламаларды, жақында көрсетілген теле фильмдерді немесе ток-шоуды сақтайды. Бұл серверлер бейне көрініс трафигінің қызметін ішкі желіге кіруге шектей отырып желінің ортасындағы шекарада орналасды;

– прокси-серверлар қолданушыларға жақын орналасады және тек әйгілі кнтенттің фрагменттерін сақтайды. «Сұраным бойынша бейнекөрініс» қызметтерінің тек аймақ пен орталық серверлар қолданылатын дәстүрлі технологиялардан айырмашылығы «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметі үшін прокси-серверлардың таңдауы контентті қолдануға байланысты кэштеу стратегиясын қолдануға, дамытылған жүйені динамикалық өзгертуге мүмкіндік береді. Одан басқа осы прокси-серверлардың көмегімен тұтынушылар әртүрлі интерактивтік командаларды қолдана алады.

Контентті бөлу үшін прокси-кэштеу мен бөлінген репликацияны орналастыру әдістерін зерттеу контенттің ара-қашықтығы мен әйгілі дәрежесін ескеретін каскадты алгоритм жәй жұмыс істейтін эвристикалық алгоритмнен жақсы жұмыс істейтінін көсетті, осындайлар LRU (Least Recently Used) немесе LFU (Least Frequently Used).

Сегменттеуге негізделген кэштеу әдістері дәстүрлі желі объектілермен салыстырғандағы мультимедиалық ағынның үлкен мөлшері әсерінен мультимедианың ағыны үшін пайдаланылады [36]. Осы диссертациялық зерттеудің міндеттерін шеші үшін жылжымалы ара-қашықтықпен кэштеу әдісі ерекше қызығушылық береді. Бұнда ағынның кэштелетін бөлімінде өсу маңызы бар, ал содан кейін динамикалық жаңаратын жылжымалы ара-қашықтыққа өтеді. Осылайша, түсетін сұранымдарға аталған терезенің ішінде басынан соңына дейін қызмет көрсетілуі мүмкін. Кэштеуді іске асыру үшін бірігіп жұмыс істеуші проксиды қолдану неғұрлым озық болып табылады. Бұл салмақты теңдестіру мүмкіндіктері арқасынан тәуелсіз проксиді қолдану жағдайынан гөрі үздік өнімділікке және жүйені масштабтауға жетуге мүмкіндік береді [25].

Осы жұмыста аталған алгоритмдерді қолдаушы жылжымалы ара-қашықтықпен, біріккен кэштеумен және RTSP хаттама базасындағы проксиды қолдану басымдылығы бірлестіріледі. [28], [34].

2.2 Жылжымалы ара қашықтықпен кэштік алгоритм

Жылжымалы ара-қашықтықпен кэштеу алгоритмін сипаттау алдында желідегі контентті сақтау үшін қажетті кеңістікті бағалау әдісін ұсынушы терезенің тиянақталатын мөлшерімен жылжымалы ара-қашықтықпен кэштеуге негізделген «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» аналитикалық моделінің шешімін ұсынамыз [6], [31].

Әр теледидарлық бағдарлама осы бағдарламаның сұранымдарын беруші бастапқы уақытпен τ_i, ұзақтығымен T_i және функциямен $\lambda_i(t)$, сипатталатын модельді қарастырамыз $\tau_i<t$.-тан $N(t)$ бағдарламаның жалпы санын білдіреді. Сервер мен клиент арасында орналасқан I прокси кэш, аталған уақыттағы $t - T_i<\tau_i<t$. файлдан кез келген таратылатын бірінші X минутты бар.

I кэшқа түсу жиілілігін $h_I(t)$ деп белгілейміз. Уақыт аралығын қарастырамыз $|t, t+\Delta t|$, онда сұранымдардың жалпы саны былайша анықталуы мүмкін:

$$\sum_{i=1}^{N(t)} \lambda_i(t)\Delta(t) \tag{2.1}$$

Бір арна таратылған жағдайда осы уақыттағы таратылатын бағдарлама үшін j жетістікті сұранымдардың жалпы санын табу үшін (яғни кэшпен қызмет көрсетілу мүмкіндігі бар сұранымдар) τ_i үшін біркелкі бөлу болатынын ұсынамыз және келесі ескертпелерді жасаймыз:

– τ_i кейін X минут аралығында сұранымдар түсуі керек;

– X/T_i сұранымдардың тек бөлігіне ғана I кэшпен қызмет көрсетіледі.

Демек, жетістікті сұранымдардың жалпы саны былайша ұсынылуы мүмкін:

$$\lambda_j(t)\Delta(t)\frac{X}{T_j} \tag{2.2}$$

Жоғарыда көрсетілген формулаларда жетістікті сұранымдардың жалпы саны келтірілген. Бұл формула негізінде тұтынушының сұраным санын есептеп білсе болады, сонымен қатар оператордардың жұмысын оңтайландыру тиімді.

2.2.1 «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметінің кэштік алгоритмінің негізгі қағидалар. «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметінің кэштік алгоритміні қарастырамыз. Телебағдарламаның тек сегменттерін сақтаудың пайдалы болғандықтан, прокси-сервердің мөлшері бірнеше гигабайтқа дейін шектелуі мүмкін. Ол өз кезегінде орталық серведің tsTV қорларының мөлшерін қысқартады да қызметтердің өсуінің құнын төмендетеді [25].

Прокси-сервердің кэшін ойша екі бөлікке бөлеміз: кіші кэшке $КЭШ_М$ (мөлшері 1 Гб көп емес) және негізгі бөлім $КЭШ_б$. Сонымен бірге $КЭШ_М$ бағдарламаның әр қайта сұраған абонентін (оның бастапқы әйгілілігін)

алғашқы бірнеше минуттын кэштеуге қолданылады. КЭШ$_б$ жартысы осы кездегі неғұрлым әйгілі бағдарламаның сегменттерін сақтау үшін қолданылады (өсуші немесе жылжымалы терезелермен). Өз кезегінде КЭШ$_б$ ойша екі бөлек сақтаушыға бөлеміз.КЭШ$_{бу}$ жартысы теледидарлық бағдарламаның бірегей сегменттерін сақтайды, ол қолданудың бір деңгейіндегі барлық тораптарға ортақ болады. Сонымен бірге барлық прокси-серверлар басқа прокси-серверларда қандай бірегей сегменттердің сақталғанын біледі. Осылайша, tsTV орталық серварды жеңілдету үшін барлық прокси-серверлардағы КЭШб$_у$ барлық бөлімдері бірігіп бір үлкен кэш құрайды. КЭШ$_{бп}$ екінші бөлігі теледидар бағдарламалаының әйгілі сегменттерін сақтау үшін қолданылады. Осы бөлімнің негізгі міндеті желінің мүмкіндігінің жеңілдету болып табылады, сонымен бірге біріккен кэштеу механизмі қолданылады. КЭШ$_{бп}$ бөлігіндегі әр сегменттің нақты мөлшері анықталады, қажет болған жағдайда әр А ара-қашаықтықтан кейін өзгертіліп отырады.



2.3-сурет. Әр проксидағы кэштік алгоритм қағидалары

2.3-суретте кэштік алгоритмінің негізгі қағидалары көрсетілген. А ара қашықтығы аралығында бағдарламаны қарауға абоненттердің сұранымдары

прокси-серверларға түседі. $П_п$ әйгілілік көрсеткіші p прокси-серверінде tv_i бағдарламасы үшін жаңартылады. Осы көрсеткіш бағдарлама сақталатын прокси-сервердің алыстығын ескере отырып бағдарламаның әйгілілігін анықтау үшін қолданылады. Бұл әйгілі бағдарлама көрші прокси-серверде әлдеқашан сақталғандықтан кэште сақталмайтынын білдіреді. $П_п$ параметрі келесідей есептелінеді: tv_i бағдарламасына әр кез прокси-серверге сұраным түскен кезде $П_п$ көрсеткіші бірлікке көбейеді немесе (егер желіде бірнеше прокси-сервер болған жағдайда) желілік сегменттер санына p прокси-сервер және бағдарлама сақталған прокси-сервер арасында.

Δ әр арақашықтығынан кейін $КЭШ_М$ орналасқан бос емес тәртібіндегі барлық сегменттер (абоненттердің қызмет көрсетілетін сұранымдары) $КЭШ_б$ сақталады. $КЭШ_{бп}$ жартысы ең әйгілі бағдарламалар үшін өсуші терезелердің сегменттермен толықтырылады (көп мағыналы $П_п$). Қалған сегменттер $КЭШ_М$ алынып тасталынады, ал $П_п$ маңызы нольге теңестіріледі.

Сатылы кэштен айырмашылығы, қызмет көрсетілмейтін сұранымдар жақын маңында орналасқан орталық сервердің прокси-серверіне бағышталады, біріккен кэштеу жағдайында прокси-серверлар сұранымдарды өз деңгейіндегі прокси-серверлерге қайтадан бағыттайды [35]. Сондықтан барлық прокси-серверлерде көрші прокси-серверлердің жағдайлары туралы ақпарат бар $КЭШ_{бу}$ барлық бөліктері тиімді толықтырылуы мүмкін, ал ($КЭШ_{бп}$) қалған орын неғұрлым локальды әйгілі контентті сақтауға қолданылуы мүмкін. Бір үлкен виртуальды $КЭШ_а$ құрудың тиімділігі үшін $КЭШ_{бу}$ толтыру «Сұранымдарды қайтадан бағыттаудың RTSP айқындығы» қағидасын қолдану арқасында тиімді болуы мүмкін [34].

Кэштің кішкентай мөлшерінде неғұрлым тиімді нәтиже жету үшін бір-бірін толықтыратын сатылы және біріктірілген кэштау әдістерін қолдану біріктірілуі мүмкін (бір гигабайттан аз).

2.2.2 «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметін ұйымдастыру. Проксидің салалығы екі қисынды бөлікке бөлінген. Абонентермен байланыс қызметтері үшін және орталық серверде интерактивті командада қандай бағдарлама таратылатыны туралы хабарлама жіберілетін RTSP хаттамасы пайдаланылады. Ағымдарды жеткізу үшін сұратылған контентте RTP. (Real-TimeProtocol) хаттамасы қолданылады [36].

2.4-сурет. Прокси құрамдары

RTSP сервері RTSP хаттамасын қолдана отырып, «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметі абоненттерімен және орталық сервер қызметімен өзара жұмыс жасайды. Ол осы сұраныстарды орындау үшін олардың хабарларын және пәрменін басқа компоненттерге түсіндіреді. RTSP сервері кэштеуші алгоритмнің шешімін арбитраж компонентіне хабарлайды. Кэштеу компонентінің міндеті сервер немесе жылжымалы терезедегң басқа прокси-сервер жіберген әйгілі ағымдарды сақтау. Жинақтаушы клиенттерге жіберілген ағымдарды өңдеу үшін арналған. Прокси-сервер сондай-ақ өзіне жіберілген ағымдарды жинақтаушы Монитор компоненті (мысалы осы уақытта IPTV жүйесіндіегі әйгілі EPG сервер көмегі арқылы) арқылы (бағдарламаларды, арналарды, басталу уақытын) қадағалайды.

Клиент пен прокси және сервер арасындағы ағымды сессияның қондырғысы (Б қосымшасында) тыңғылықты көрсетілген. Алдымен клиент сервер үшін RTS сұранымын жібереді, алайда бұл сұраным прокси алып қалады.

Бірінші нұсқада (Б қосымшадағы, 1а сурет) прокси-сервер сұрастырылған фрагментті сақтамайды және (тағайындау адресі сапасында прокси-серверді IP адресімен) серверіне сұранымды жібереді, серверден ағымды кэштеуді бастайды және қолданушыға RTP ағымын береді. Содан прокси өзінің жаңа статусын басқа кэштерге таратады. Екінші мүмкін нұсқада (Б қосымшадағы, lb сурет) прокси сұрастырылған фрагментті сақтамайды және оны жергілікті сақтамау туралы шешім қабылдайды. Ол RTSP сұранымды басқа проксиға қайта бағыттайды, сонымен бірге қабылдаушының IP адресі ретінде клиенттің адресі қалады. Басқа прокси серверге сұраныс жіберуге шешім қабылдайды, жергілікті фрагметті кэштейді және RTP ағымды тікелей клиентке жібереді.
Содан кейін кэштердің жаңа статустары орталықтандырылған CSE хаттамасына ауыстырылады. Екінші сценарий біріккен кэштеу алгоритмі «RTSP сұранымын ашық қайта бағыттау» қағидасын қолдана отырып қалай үлкен виртуальды кэшті тиімді құра алатынын көрсетеді.

2.3 «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметін ұйымдастыру моделі

«Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметін ұсыну архитектурасының негізгі сипаты болып – бұл қолданыста бар арнайы сервермен және мәлімет-орталығынан тұратын IPTV қызметін ұйымдастыру сұлбасының негізгі сипаты. Ұйымдастырудың негізгі принципі болып жазылушының теледидар бағдарламаларының жазылып сақталған серверга қатынау алуы болып келеді. Біраз созылмалы уақыт аралығында үлкен көлемді теледидар бағдарламалары архивын сақтау сервердің көлемінің өсуіне және қызмет түрінің жүзеге асуының қымбаттауына алып келеді. «Уақыт бойынша

қозғалған теледидар» қызметін ұйымдастыру модель үлгісіндегі сұлбасы 2.5-суретте көрсетілген.

Бұл айтылып отқан қызмет IP хаттамасының көпадресті жіберілімді қолдану арқылы теледидар таратылымы жүретін ішкі құрылыс желісінде де ұйымдастырылуы мүмкін.



2.5-сурет. «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметін ұйымдастыру моделі

2.5-суретте көріп отқандай «1» абонент «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметіне жазылған. Сондықтан, көпадресті режимда «1» арна көрсетілім ағынына біткен жағдай болсада «1» арна бірадресті ағынынын ала алады. Қызмет түрін ұйымдастыру өзіне көпадресті ағынды арнайы сервер арқылы және одан кейін абоненттің теледидар приставкасына қайта жіберуді қосады. Арнайы «Уақыт бойынша қозғалған» қызмет сервері арқылы ағын өткенде ол ақпарат сақтайтын құрылғыға көшіріледі. Бұл сақталған көшірілім нақты телеарнадағы телебағдарламаның «жылжымалы» нұсқасына қатынау алуға рұқсат етілген басқа абоненттер приставкасынада қол жетімді.

Сонымен қатар арнайы серверде ағын сегменттерін сақтау соңғы тұтынушыларға қосымша іркіліс, артқа және алдыға жылжыту сияқты функциялар ұсынады. «Уақыт бойынша қоғалған теледидар» сервері құрылғының бөлек физикалық бөлімі болмауы мүмкіндігін, ал оның функционалдығы IPTV ақпарат-орталығына кіретін,тікелей таратын IP сервер құрамындағы бөлек пішін үйлесімінде болуы мүмкіндігін немесе бірнеше сервер арасында үлестірілуі мүмкіндігін белгілеген жөн. Нақты уақыт режимінде «2» ақырғы тұтынушы тек «1» арнаны көре алады және «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызмет түрімен қолдана алмайды, өйткені ол бұл сервиске жазылмаған [39].

2.3.1 «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметінің имитациялық моделі. IP оператор желісі арқылы тарату үшін IPTV бас стансасында бар (мысалға, теледидар арналары немес сұрау бойынша фильм, уақыт бойынша қозғалған теледидар) қызметтер дайындалады. Бұл модельде бас станса ретінде TV стансасы және Server стансасы көрсетілген. Желіде көбіне IPTV қызметін қосу бөлігі көзден таса болады. Бұндай жағдайда қамсыздандырушы қызметімен шешішу желі ақпараттар бұлты бар. Қатынау желісін қамсыздандыру шешімінің ең маңыздысының бірі, қолданыста бар кәбілдердің қолданылуы мүмкіндіктері. IPTV қызметін ұсынудың жалпы нысаны болып,ол өмір сүру уақыты және бейімділігі жоғары қызметті (мысалға, HDTV қызметін қамтамассыз ету үшін) ұсыну үшін желі кем дегенде 20 Мбит-те жұмыс жасай алу керек. Жалпы шешімнің ең қымбат бөлігі абоненттер бөлмесі болып келеді. DSL модем секілді әрбір сайт құрылғының демаркациясын талап етеді. Бұл айтылып откен модель бөліктері 2.6-суретте көрсетілген [38].



2.6-сурет. Интерактивті IPTV-дің құрылымдық сұлбасы

2.3.2 Имитациялық модель сипаттамасы. Екі түпнұсқадан тұратын (TV және Server станса) IPTV желісін көрсететін модельді Opnet бағдарламасында жинап құрастырдым. Бұны келесі параметрларді есте сақтай отырып орындаймын: десте/с-та трафикті жіберу, байт/с-та трафикті жіберу, десте/с-та трафикті қабылдау, байт/с-та трафикті қабылдау, дестенің соңынан-соңына кешігуі (с), дестенің кешігуінің түрленуі. Бұл модельдеудің басты мақсаты жүйенің жоғарғы өнімділік шешімін алып жалпы желіге қосу үшін осы параметрлерді толық меңгеріп, шешімін алу болып келеді. Кішігірім желі үшін модельдеудің ұзақтығы шамамен 10 минутты құрайды, ол 2.7-суретте көрсетілген.

Модельдеудің параметрлері: TV стансасы: бейнеге жоғары деңгеде мүмкіндік беру, ақпарат кадрының уақыт интервалы 15 кадрлар/с, ақпарат

кадрының өлшемі − 128x 240 пикселдер, атауының символмен тағайындалуы − бейненің тағайындалуы, қызмет көрсетудің тағайындалуы − максималды күші.

Server стансасы: бейнеге төмен деңгейде мүмкіндік беру, ақпарат кадрының уақыт интервалы − 10 кадрлар/с, ақпарат кадрының өлшемі − 128x 120 пикселдер, атауының символмен тағайындалуы − бейненің тағайындалуы, қызмет көрсетудің тағайындалуы − максималды күші.



2.7-сурет. «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» қызметінің имитациялық моделі

Имитациялық модельдің нәтижелерін келесі графиктерден көруге болады.



2.8-сурет. Орташа трафикті жіберудегі дестенің уақытқа тәуелділік графигі (десте/с)

2.8-суретте орташа трафикті жіберудегі дестенің уақытқа тәуелділік графигін (десте/с) көрсетеді, яғни онда бір секунд ішінде жіберілетін 150 дестелер бар екендігі көрсетілген. Бастапқы модельдеуде көрсетілгендей ешбір дестелер жіберілмеген болатын жәнеде ол бір минут ішінде жүзеге асады. 150 дестелер секунд шамасында жіберілген десте модельдеудің қалған уақыт бөлігі үшін қалдық болғанша жылдам өседі.



2.9-сурет. Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигі

2.9-суретте жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигін (байт/с) көрсетеді, яғни онда бір секунд ішінде жіберілетін 4 000 000 байт бар екендігі көрсетілген. Бастапқы модельдеуде көрсетілгендей ешбір байттар жіберілмеген болатын жәнеде ол бір минут ішінде жүзеге асады. 4 000 000 байт екінші шамасына жіберілген байт модельдеудің қалған уақыт бөлігі үшін қалдық болғанша жылдам өседі.



2.10-сурет. Орташа трафикті қабылдауда дестенің уақытқа тәуелділік графигі

2.10-суретте орташа трафикті қабылдауда дестенің уақытқа тәуелділік графигін (десте/с) көрсетеді, яғни онда бір секунд ішінде қабылданатын 150 дестелер бар екендігі көрсетілген. Бастапқы модельдеуде көрсетілгендей жіберілген және қабылданған дестелер үйлестірілген болғандықтан ешбір дестелер жіберілмеген болатын. Содан кейін жіберу трафигі секілді 150 десте / с шамасында болғанша қабылданған дестелер өседі.



2.11-сурет. Орташа трафикті қабылдауда жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигі

2.11-суретте орташа трафикті қабылдауда жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигін (байт/с) көрсетеді, яғни онда бір секунд ішінде қабылданатын 4 000 000 байт бар екендігі көрсетілген. Бастапқы модельдеуде көрсетілгендей жіберілген және қабылданған дестелер үйлестірілген болғандықтан ешбір байт жіберілмеген болатын. Содан кейін жіберу трафигі секілді 4 000 000 байт / с шамасында болғанша қабылданған дестелер өседі.



2.12-сурет. Дестенің соңынан-соңына кешігу графигі

2.12-суретте дестенің соңынан-соңына кешігуін (с), яғни онда 0,003 кешігу бар екендігі көрсетілген. Бастапқы минутта ешқандай кешігу жоқ екендігін айқын көре аламыз,өйткені бұл уақытта ешқандай әрекет жүзеге аспайды. Содан кейін кешігу 0,0025 мәннен 0.0030 с жеткенше басталады.



2.13-сурет. Дестенің орташа кешігуінің түрленуі

2.13-суретте дестенің орташа кешігуінің түрленуі көрсетілген, яғни онда 0,000001 с шамасында кешігудің түрленуі құралған. Диаграммада көрсетілгендей кешігу өзгереді, яғни 0.000008 с басталып 0.0000015 с дейін ұлғаяды, 0,000006 с жеткенше және орташа шамамен 0.000001 с болғанша қайта азайғанын көре аламыз.

Имитациялық модель қорытындысы. Имитациялық шешімнің үлгісі «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» терезесінің белгіленген өлшемімен сырғымалы аралығы бар бүркемелеуде, желіде контентті сақтауға ұсынылған қажетті кеңістікті бағалау әдісіне негізделген.

Opnet бағдарламасында жиналған имитациялық модельден бір секундта жіберілетін шамасы 150 десте бар дестелер қайта сұраным жасағанша дейін кешіге немесе төмендей алатындығын аңғара аламыз, қарсы жағдайда барлық жүйенің бәсеңдеуін тоқтады. Сонымен қатар мүмкін өткізу жолағы және DSL жүйесіне тәуелді ақпараттар тарату жылдамдығы өзгереді. IPTV-дің негізгі артықшылығы болып интерактивті теледидармен қамтамассыз ету мақсатында Интернет хаттамасын қолдануда болып табылады. IPTV-дің тағы айта кететін ерекшелігі ол цифрлық бейнемагнитафонның (DVR) бірден бірнеше көрсетілімдерді жаза алуы. Электронды гид (Custom view guides) қолдану арқылы тұтынушыға өзіне қажет көрсетілімді табу оңай болады. IPTV сурет-ішінде-сурет көрсетілімін бірнеше тюнердің қажетінсіз көруге мүмкіндік береді.

2.4. «Сұраным бойынша бейне көрініс» қызметін оңтайландыру үшін кэштеу әдістерінің талдауы

Конвергенция жағдайында бәсекеге қабілеттіліктерін қамтамасыз ету үшін байланыс операторлары қызметтерін (72) қол жетімділік деңгейінің бірнеше технологиясын қолдана отырып қызметтерін өз абоненттеріне ұсынуға мәжбүр. Солайша, жаңа перспективті қызметтермен басқару мәселесі қиындай түседі. Мысалы, «Сұраным бойынша бейне көрініс» қызметін ұсыну үшін тиімділікті арттырудың префиксті кэштеу және аралық кэштеу сияқты жасалған технологиялары қол жетімділіктің бір технологиясын қолданатын абоненттерге қызметтерді ұсынуға көзделген. Солайша, пайдаланып жүрген кэштеу механизмін бейімдеу үшін мәселе туындайды, әр түрлі жүйелерге қосылған, соның салдарынан, әр түрлі жүйелік сипаттамалары барын кіруге рұқсат қабілеттілігі, буфер көлемі және т.б. Қолданыстағы кэштеу стратегиясының теориялық өнімділігін талдау қажет, содан кейін өнімділіктің тиісті өсімін өлшеу үшін шығындар функциясын шығару керек. Талдау нәтижесінің негізінде прокси-сервердің өткізу сызығына кіруге рұқсатын азайту үшін префиксті сияқты аралық кэштеу пайдаланатындай кэштеу стратегиясын даярлауға болады.

«Сұраным бойынша бейне көрініс» қызметін жүргізу сапасын арттыру үшін бастапқы кідірісті азайта алатын бастапқы проксиді пайдалана отырып кэштеудің ықпалды стратегиялары пайдалануы мүмкін. Бұл стратегиялардың арасында бақылау сұранымына прокси-серверден бейне бақылаудың алғашқы сегменттері бірден берілетін прокси арқылы жұмыс істейтін префиксті кэштеу бар.Бұл, клиентке бейне бақылауды бірден қосуға мүмкіндік береді, ал қалған бөлімдері медиа-серверден алынып тасталады.

Күнделікті өмірде клиенттер әр түрлі қол жетімді жүйелерде отырулары мүмкін,олар, Enthernet, сымсыз қол жетімді жүйе, XDSL, кәбілді телеарна жүйесі, т.б. (64), (106), (107). Қол жетімді жүйелердің бір келкі болмау себебінен клиенттердің талаптары әр түрлі, мысалы (ағынды жылдамдық), бейне қарау үшін жылдамдықты жіберуге бейімделуге құралдарды пайдалану керек. Жүйелердің гетерогенттігіне қосымша ретінде клиенттік жабдықтар да гетерогентті болуы мүмкін: жеке компьютерлері, сандық теледидарлар, PDA, немесе мультимедиялық телефондар. Бұл клиенттік жабдықтар әдепкіде әр түрлі көлемде болады (клиенттік буферлер). Мысалы, жеке компьютерде буферлік кеңістіктің буферлік гигабаиты болуы мүмкін, мультимедиялық телефонда буферлік кеңістіктің бірнеше мегобаиты немесе килобаиты болуы мүмкін. Ондай гестерогенді клиенттік буферлер «Сұраным бойынша бейне көрініс» қызметтерін ұйымдастыру үшін қиын проблемелар туындатуы мүмкін.

Мысалы, префиксті терезенің көлемі 5 минут болғанда өткізгіштік қабілеті секундына 1 мегабаит болатын контентті сұратуда сұраным қызметі үшін клиенттік буфер 37,5 мегабаиттан кем болмауы керек, бұл қалталы жеке компьютерлер және көпсалалы телефондар үшін қиындау соғады. Жеңілдету

үшін буферлік кеңістіктің көлеміне қиын клиенттік жабдықтарды «шектелген буферлері бар клиенттер» деп, ал қалғандарын «шектелмеген буферлері бар клиенттер» деп атаймыз.

Кэштеудің тағы бір стратегиясы аралық кэштеу болып табылады, бұнда, прокси-сервер бақылау нысаны аралығы сырғымалы кэштейді, жүйенің өткізгіштік қабілетін азайта отырып және келесі сұраным үшін алғашқы кідірісті қысқартып. Егер екі сұранымның уақыт аралығы жақын болған жағдайда екінші сұраным толығымен прокси-сервиспен қанағаттандырыла алады, яғни, клиент бейнені толығымен кэштен ала алады. Бұл жағдайда, клиент бір уақытта бір ғана бейне ағын ала алады, сондықтан үлкен клиенттік буферндің енді қажеті жоқ.

Аралық кэштеу «шектелген буферлері бар клиенттегеі» қызмет көрсету үшін пайдаланыла алады, бірақ, ол бәрібір бір қалыпсыз клиенттерге қызмет көрсету үшін жарамсыз, өйткені ол сұранымдардың көпшілігі клиенттердің буферлерімен шектелмеген жағдайда префиксті кэштеуге қарағанда тиімсіз болып табылады. Сондықтан, префиксті кэштеу да, аралық кэштеу да гетерогенды клиенттерге жарамайды. Сонымен бірге кэштеуді екі түрінің де интеграциясы гетерогенды клиенттерге тиімді қызмет көрсетуіне жақсы нәтиже беруі мүмкін.

Осы талдауда серверлер қарапайым дестені режімде жұмыс істейді деп пайымдаймыз, яғни әр бір дестені терезенің басында ағынды бейне ұсыну. Қарастырылып жатқан жүйе екі түрлі ағыннан құралады: патч-ағын және бөлінген ағын. «Сұраным бойынша бейне көрініс» толық сервисын ұсынуды қамтамасыз ететін жүйе бейне файлға сұранымдарды жедел қосатын шектеусіз буферді қарастыруы қажет. Бұл жағдайда, бейненің бас жақ бөлігі (мысалы префикс) дәл сол кездегі ағында қол жетімсіз болуы мүмкін. Егер прокси-сервер префиксі кэштелмесе, өтіп кенткен фрагментті аконтент-серверден(немесе басқа прокси-серверден) алу үшін ол сұраным үшін патч-ағынды туындатады. Басқа жағынан шектеулі буферлі клиенттердің сұраныстары бірден бейне ағындв алу керек. Егер прокси-сервер аралық кэшті бөле алмаса,ол бөлінген ағынды (толық бейнесі бар) контент – серверден (немесе басқа проксидан, бейненң толық кэштеген) ұсына бастайды.

Проксидің кіреберіс сызығы жоспарланған ағындардың сызықтарын және патч-ағындарды қосу арқылы алынуы мүмкін.

Жоспарланған ағындардың өткізу мүмкіндігі Ss, белгісімен, ағынды өткізу сызығы – SD және патч-ағынның өткізу мүмкіндігі Sp белгілерімен белгіленсін.

Прокси бірнеше префиксті және бейне үшін аралық кэшті анықтайтын болғандықтан, S (x, y) проксидің кіре беріске мүмкіндігін белгілейді. Ss тұрақты, ал SD және Sp кэшті бөлумен анықталады. Солайша прокси-сервердің өткізу мүмкіндігі: $S(x, y) = Ss + Sd(x, y) + Sp(x, y)$

Егер прокси сервер аралық кэштеуді ғана пайдаланса, онда сервистік модель мынадай болады:

– шектелмеген буфер сұраныстары үшін: ол жақын арадағы сегментке қосылып, қалып кеткен префиксті кэштен сұрайды;

– шектелген буфер сұраныстары үшін:прокси бөлінген ағынды контент-сервер(немесе басқа проксиден) арқылы сұрайды.

Бөлім қорытындысы: берілген бөлімде«Уақыт бойынша қозғалған теледидар» (tsTV) қызметінің тиімділігін арттырудың жолдары ұсынылған болатын,онда, өзара әрекеттесетін жентектелу буындарындағы кэш – серверлер және иерархиялық үлестірілген бүркемелер орнатады.

Имитациялық шешімнің үлгісі «Уақыт бойынша қозғалған теледидар» терезесінің белгіленген өлшемімен сырғымалы аралығы бар бүркемелеуде, желіде контентті сақтауға ұсынылған қажетті кеңістікті бағалау әдісіне негізделген.

Сондай-ақ "Сұраным бойынша бейнекөрініс" қызметі механизмдерінің талданған тетіктерінің сапасын арттырудың жолдары қаралды. Пайдаланумен бүркемелеудің интегралданған кэш стратегиялары проксидағы бастапқы аялдауларды азайтуды ұсынады. Кэшті бүрекемелеудің екі стратегиясы, префиксті кэш және аралық кэшті салыстыру жасалды.

3 NGN желісіндегі IPTV қызмет көрсету сапасын есептеу

3.1 Қызмет сапасының түсінігі (QoS)

Қызмет көрсету сапасы таратын жүйе өнімділігінің тарату сапасымен көрсететін қызмет мүмкінділігін анықтайтын шек болып табылады. Қызмет мүмкінділігі QoS-ті маңызды элементі болып табылады. QoS-ті сәтті енгізу үшін желілік инфраструктураға максималды жоғары мүмкіншілікпен қамтамасыз ету қажет. Желіде тарату сапасы келесі факторлармен анықталады:

Сенімділік – желінің кіріс және шығыс нүктесінің арасындағы желілік жетілдірудің уақыт аралығы – бұл желілік енімділік.

Сервисті енімділік – бұл қызмет көрсету деңгейінің келісулерінде (SLA) айтылған параметрлері бар нақты кіріс және шығыс нүктелерінің арасындағы бұл сервис енетін уақыт аралық.

Жоғалтулар – бұл желіде дұрыс алынған дестелердің жалпы берілген дестелерге қатынасы. Негізінде жоғалтулар – бұл енімділіктен алынатын функция. Егер желі жүктелмесе, жоғалтулар нөлге тең болады. Артық тиелу кезінде QoS механизмі қай дестенің лақтыру керек екенін анықтап отырады.

Кідіріс – бұл дестенің жіберілгеннен кейін белгіленген орынға баратын уақыты.дыбыс жағдайында бұл кідіріс сөйлесуден тыңдаушыға баратын сигнал ретінде анықталады.

Кідіріс тербелісі (jitter) – бұл әр түрлі дестелердің желіде тасымалдау кезінде пайда болатын кідіріс уақытының арасындағы айырмашылық. Егер мысалы желіде бір дестенің тасымалдауда 100 мс, ал келесі дестені тасымалдауда - 125 мс болса, онда кідірістің тербелісі 25 мс болады. Әрбір VoIP немесе "IP бетіндегі бейне" терминалында кідіріс тербелісінің буфері бар (jitter buffer). Бұл буфер дыбыстық дестенің кідіріс тербелісін түзету үшін қолданылады. Кідіріс тербелісінің буфері динамикалық және адаптивті болады және де 30 мс арасында дестенің кідіріс уақытын реттеп отырады. Егер тербеліс кідірісі буфер мүмкіншілігінен асып кетсе онда ол жетіспей тиелу (under-run) немесе асып тиелу (over-run) болып жұмыс істейді. Олда басқасыда байланыс сапасына кері әсерін тигізеді.

Өткізу қабілеті – бұл тұтынушыға екі нүкте арасындағы оператордың қолдауымен өткізу жолағы.

3.1.1 Дыбыс үшін қызмет сапасының қажеттілігі. VoIP трафиктің QoS қажеттілігін анықтай отыра келесі ережелерді ұстану ұсынылады:

– "QoSтің базалық негізі" және RFC 3246 бойынша дыбыстық трафик DSCP EF маркерлену керек;

– "QoSтің базалық негізімен" сигнализация CS3 сияқты маркерлену керек. (миграция кезінде AF31 қолдануға болады);

– жоғары сапалы VoIP сервис үшін магистральдағы дестелер жоғалуы 0.25 пайыздан аспауы керек;

– International Telecommunication Union (ITU) G.114 бойынша бір жақты кідіріс 150ms аспауы керек;

– кідірістің тербелісі (jitter) 10 мс-тан аз болуы керек. Максималды jitter желідегі кідіріс бюджетке (минус минималды желілік кідіріс) қарағанда аз болуы керек;

– әр сөйлесу үшін жиіліктін кванттауына және кодекке байланысты кепілденген 21-106 kbps приоритетті өткізу жолағы керек;

– сигнализация трафигі үшін кепілденген 150 bps өткізу жолағы керек. (плюс екінші деңгейдің басқы аты)

Дыбыстық байланыстың сапасына QoS үш факторларда әсер етеді: дестелердің жоғалуы, кідіріс және кідіріс вариациясы.

3.1 - к е с т е . "QoSтің базалық негізіндегі" трафик маркерленуі

Қосымша	Классификация L3			Классификация L2 CoS/MPLS-exp
	IPP	PHP	DSCP	
Тасымалды ақпарат	6	CS6	48	6
Дыбыс	5	EF	46	5
Интерактивті бейне	4	AF41	34	4
Ағындық бейне	4	CS4	32	4
Жоғалуға сезімтал деректер	3	-	25	3
Шақырудың сигнализациясы	3	AF31/CS3	26/24	3
Транзакциялық дерек	2	AF21	18	2
Желілік басқару	2	CS2	16	2
Көлемдік класс	1	AF11	10	1
Интернет/Scavenger	1	CS1	8	1
Қалғандары	0	0	0	0

Дестелердің жоғалуы сөйлесуде аз уақытты бос аралықты тудырады. Digital Signal Processor (DSP) қолданатын стандартты кодтау алгоритмы жоғалуды 30 мс қайтара алады. Сондықтан екі немесе одан да көп 20 мс сэмплдердің жоғалуы дауыс сапасын көрнекті деградацияға алып келеді. Бір дыбыстық арнадағы дестелер жоғалуының кездейсоқ таралуы, дауыстық арнадағы 1 пайызды тастау әрбір 3 минутта қайта қалпына келтіре алмайтын орташа жоғалуға алып келеді. Әлбетте 0,25 пайызды тастау деңгейі әрбір 53 минутта қайта қалпына келтіре алмайтын орташа жоғалуға алып келер еді.

200 мс-тан артық кідіріс дауыстық байланыстағы сапаның деградациясын қалдырады. Егер арнадағы кідіріс өте үлкен болса, телефон арқылы сөйлесу

жолсеріктік арна байланысы немесе симплексті радиоарна сияқты сөйлесуге ұқсайтын еді. VoIP (G.114) технологиясы үшін Халықаралық Электробайланыс Одағының стандарты бойынша 150 мс бір жақты кідіріс дыбыстық байланыстың сапасына жарайтын еді. Зерттеу бойынша желіаралық байланыста 150 м және 200 мс кідіріс маңызды еместін және тәжірибеде қолданушыға білінбейтін.

Ал кідірістің тербелісіне келер болсақ IP-телефония құрылғысына бейімді буферлер қолданады. Бірақта олар тек қана кідіріс тербелісінің 20 до 50 мс қайтарады.

3.1.2 Бейне үшін қызмет сапасының қажеттілігі. Бейненің екі негізгі типі бар:

– интерактивті бейне және ағындық бейне;
– интерактивті бейне трафигі үшін күйге келтіру;
– интерактивті бейне үшін күйге келтіру үшін мыналар қажет;
– интерактивті бейне трафик "QoS базалық негізінде" AF41 маркерлену керек;
– жоғалулар бір пайыздан аз болу керек;
– бір бағытты кідіріс 150 мс аспауы керек;
– кідірістік тербеліс 30 мс аспауы керек;
– минималды кепілді өткізу жолағы (LLQ) бейнеконференция сессиясының өлшеміне тең және плюс 20 пайыз.

Бейне конференция дыбыс үшін G.711 аудио кодегі болғандықтан, дыбыстық трафик сияқты жоғалуға, кідіріске және кідіріс тербелісіне бейімді. Бірақта бейне конференция трафигі дыбыс трафигінен айрықша айырмашылығы бар. Бейне конференция жылдамдығы – бұл жай бейне ағынның жылдамдығы, және де бейне шақыру қажет ететін нақты өткізу жолағы емес. Басқа сөзбен бейне конференцияның пайдалы жүктеме дестесі бейне сэмплдің 384 kbps ағынын толтырады.

Ағындық бейне трафигі үшін күйге келтіру. Ағындық бейне үшін күйге келтіру үшін мыналар қажет:

– ағындық бейне, "QoS базалық негізінде" CS4 маркерлену керек;
– жоғалулар екі пайыздан аз болу керек;
– кідіріс 4-5 секундтан аз болу керек;
– жолақтың кепілді сұранысы (CBWFQ) бейне ағын жылдамдығының кодталу пішініне байланысты;
– кідіріс тербелісінің маңызды қажеттілігі жоқ;
– ағындық бейне негізінде бірбағытты және де қашықтағы филлиалдың маршрутизаторларын кері бағытта таратылуын күйге келтіру қажет емес.

Қажет емес ағындық бейненің қосымшаларын DSCP CS1 маркерленеді және оларға CBWFQ бойынша кепілді өткізу жолағы минимум болады. Кідіріске аз сезімтал және кідіріс тербелісіне сезімтал емес болғандықтан QoS қа ағындық бейне үшін қосымша аз сұранысты.

3.1.3 Дерек үшін қызмет сапасының қажеттілігі. Дерек үшін QoS қажеттілігін анықтай отырып келесі факторларды еске алған жөн:

– трафиктің негізгі төрт классын пайдаланыңыздар;

– аймақты-нақты критикалық – транзакциялық және интерактивті қосымшалар жоғары бизнесті-приоритетпен;

– транзакциялық/интерактивті - клиент-сервис қосымшасы, хабарламаны тарату қосымшасы;

– көлемді қосымша- үлкен файлдарды тасымалдау, деректер базасын синхронизация және репликация, электронды пошта;

– мүмкіншілігі бойынша – барлық белгіленбеген трафиктін жасырын түрдегі классы; бұл класс үшін минимум 25 пайыз өткізу жолағы;

– опционды класс - Ғаламтор/scavenger (ойындық трафик, көңіл көтеру). Қосымша опционды класстың өзіне маршрутизация және желілік басқару кіреді.

Қазіргі жағдайда дыбыс, дерек және бейне тарату қызметін ұсынған кезде, тұтынушылардың сұраныстары бойынша қызмет деңгейін қамтамасыз ету үшін клиент пен оператор арасындағы байланыс арта түсуде. Қымет сапасы (QoS) – бұл сервис деңгейінің кепілдемелі компонент. Операторлар VoIP және интерактивті бейне сервисін қамтамасыз ету үшін мықты қызмет сапасын кепілдеуге, өздерін желілерін жобалауда үлкен өткізу жолағындағы шығындарды азайту үшін QoSті қолданған жөн.

IP желісінде арнаулы халықаралық тракттарда жасалатын қолданушылардың терминалдарын қосатын сандық параметрлерін Y.1541 мінездемесі анықтайды. Кепілді қызмет ету сапасын қамтамасыз ету үшін қосымшалармен желілік механизмдерге байланысты анықталатын параметр нормалары түрлі QoS кластарымен бөлінген. Кестеде желілік сипаттамалардың нормалары қарастырылған. Кестеде келтірілген параметр мәндері орта кідіріс, джиттер жоғалтулар және дестенің қателіктерінің жоғары шектері негізінде берілген.

3.2 - к е с т е . Қызмет сапасының класстарымен бөлінген IP желісінің сипаттамаларының нормалары.

Желілік сипаттамалар	QoS кластары					
	0	1	2	3	4	5
IP дестесін жеткізудің кідірісі	100мс	400мс	100мс	400мс	1с	А
IP дестесінің кідірісі тербелісі	50мс	50мс	А	А	А	А
IP дестесін жоғалту коэффициенті	10^{-3}	10^{-3}	10^{-3}	10^{-3}	10^{-3}	А

3.2-кестенің соңы

Желілік сипаттамалар	QoS кластары					
	0	1	2	3	4	5
IP дестесін қателік коэффициенті	10^{-4}	10^{-4}	10^{-4}	10^{-4}	10^{-4}	A

Y.1541 мінездемесі қосымшасы және қызмет көрсету сапасының класстарының арасында құрылады:

– класс 0 – жоғары деңгейлі интерактивтілікті (VoIP, бейнеконференция) джиттерге сезімтал нақты уақыт;

– класс 1 – интерактивтілікті (VoIP, бейнеконференция) джиттерге сезімтал нақты уақыт;

– класс 2 – жоғары деңгейлі интерактивтілікті (мысалы, сигнализация) деректер транзакциясы;

– класс 3 – интерактивтілікті деректер транзакциясы;

– класс 4 – аз деңгейлі жоғалтуларды рұқсат етуші қосымша (қысқа транзакция, деректер массиві, ағындық бейне);

– класс 5 – IP желісін традициялық қолданушылар;

– A – анықталмаған.

3.2 Қызмет сапасын қамтамасыз ету көрсеткіштер мен механизмдер

Қазіргі таңда Triple Play қызметінің сапасын қамтамасыз ету өзекті мәселе. Біріншіден пайдаланушылардың қызметті алғанда олардың сапасы толғандырады. TCP/IP+IPTV+VoIP жүйелері үшін пайдаланушы деңгейіндегі сапаның мәселесі өте маңызды, өйткені пайдаланушы тікелей қызмет сапасына көңіл бөледі. Операторлар VoIP және интерактивті бейне сервисін қамтамасыз ету үшін мықты қызмет сапасын кепілдеуге, өздерін желілерін жобалауда үлкен өткізу жолағындағы шығындарды азайту үшін QoSті қолданған жөн. Triple Play қызметінің жақсы жұмыс істеуі үшін қосылу желілерінде байланыстың үзілісі мен жылдамдықтың төмендеуі болмауы ең маңызды. Бұл жағдайда төмен сападағы алыс сымдарында байланыс сапасын жоғарылататын құрылғылардың сипаттары қажет. Triple Play қосылу желісіне ғана сапалы жұмысты талап етпейді, сонымен қатар желі өзегіне де қатаң қажет және барлық аумағында керекті QoS (Quality of Service) деңгейін қолдауы қажет. Қызмет көрсету сапасы таратын жүйе өнімділігінің тарату сапасымен көрсететін қызмет мүмкінділігін анықтайтын шек болып табылады. Қызмет мүмкінділігі QoS-ті маңызды элементі болып табылады. QoS-ті сәтті енгізу үшін желілік инфраструктураға максималды жоғары мүмкіншілікпен қамтамасыз ету қажет.

Кепілді қызмет ету сапасын қамтамасыз ету үшін қосымшалармен желілік механизмдерге байланысты анықталатын параметр нормалары түрлі QoS кластарымен бөлінген.

Қазіргі жағдайда дыбыс, дерек және бейне тарату қызметін ұсынған кезде, тұтынушылардың сұраныстары бойынша қызмет деңгейін қамтамасыз ету үшін клиент пен оператор арасындағы байланыс арта түсуде. Қымет сапасы (QoS) – бұл сервис деңгейінің кепілдемелі компонент. Қызмет сапасының алты тобын көрсетуге болады. Жеткізілетін трафиктердің түрлерінің оларға сәйкес келетін сапа, норма көрсеткіштері 3.3-кестеде келтірілген.

3.3 - к е с т е . Сапа қызметінің көрсеткіштері

QoS тобы	Берілетін трафик түрі	Көрсеткіштер мен норма атаулары			
		Ақпараттық дестелерді жіберудегіорташа кідіріс	Ақпараттық дестелерді жіберудің орташа кідірістен ауытқуы	Ақпараттық дестелердің жоғалту коэффициенттері	Ақпараттық дестелердің жоғалту коэффициенттері
1	Интерактивті	100 мс көп емес	50 мс көп емес	1×10^{-3}%	1×10^{-4} % көп емес
2	Серіктік байланыс желісін қолданғанда интерактивті	400 мс көп емес	50 мс көп емес	1×10^{-3}%	1×10^{-4} % көп емес
3	Сигналды	100 мс көп емес	-	1×10^{-3}%	1×10^{-4} % көп емес
4	Ағындық	400 мс көп емес	не более 50 мс көп емес	1×10^{-3}% көп емес	1×10^{-4} % көп емес
5	Интерактивтік, сигналдық және ағындық трафик түрінен өзге деректер жеткізу трафигі	1000 мс көп емес	-	1×10^{-3}% көп емес	1×10^{-4} % көп емес
6	Сапа көрсеткіштеріне белгісіз талаптағы кез-келген трафик түрі	-	-	-	-

Бұл жобада зерттеу жасаймыз қалалық мультисервистік желі трафигінің қызмет көрсету сапасына, яғни:

– орташа кідіріс;
– кідірістің ауытқуы (джиттер);

– дестенің жоғалту коэффициенті;
– өткізу қабілеті.

3.3 Triple Play технологиясындағы VoIP қызметін пайдаланғанда кешігуді және жалпы кідірісін есептеу

Дестелік коммутация жүйесіндегі телефондық трафиктің тарату қиындығы оның сөйлескен кезінде пайда болады.

Негізгі қажет емес жағдайлар олар – бір абоненттен екінші абоненттпен сөйлескен кездегі дыбыстық сигналды тарату кідірісі.

Желідегі жалпы кідіріс келесі компоненттерден тұрады:
– жиналудағы кідіріс;
– кодтаудағы кідіріс;
– дестелеудегі кідіріс;
– желілік кідіріс.

Кешігудің орташа уақыты m(T) мына формуламен анықталады:

$$m(T) = \frac{2 - K_{\text{түз.}} - \frac{x}{1 - p + 2 \cdot x}}{2 \cdot (1 - K_{\text{түз.}})} \cdot \mu \tag{3.1}$$

Айналудың ықтималдық мәні p = 0,9 және x = 0,3 тең, бұл мынадай жағдайда болады, 60 пайыз уақыт бос болып арнаның 40 пайыз қолданғанда.

Орташа кідірісті бағалау. Десте тұрақты келіп тұрған жағдайда (модель M/D/1) m(T) мына формуламен анықтауға болады:

$$m(T) = \frac{0{,}75 - \frac{K_{\text{түз.}}}{2}}{1 - K_{\text{түз.}}} \cdot \mu \tag{3.2}$$

мұндағы $K_{түз.}$ – түзету коэффициенті;
μ - $120 \cdot 10^{-6}$.

Дестенің тұрақты келіп тұрған жағдайының есептелуі:

$$m(T) = \frac{2 - 0{,}271 - \frac{0{,}3}{1 - 0{,}9 + 2 \cdot 0{,}3}}{2 \cdot (1 - 0{,}271)} \cdot 120 \cdot 10^{-6} = 110 \text{ мкс}$$

Дестелер келуі Пуассон заңына сүйенсек (модель M/M/1) m(T) мынадай өрнекке тең:

$$L_{кадр} = L_{инф} + L_{транс} = (2048 + 184) * 8 = 17856 \text{ бит}$$

мұндағы $L_{акп}$ – ақпарат ұзындығы;
$L_{транс}$ – тасымалдау ұзындығы.

Ұзындыққа байланысты десте тұрақты келіп тұрған жағдайда (модель M/D/1) m(T) мына формуламен есептелінеді:

$$m(T) = \frac{1 - \frac{K_{түз.}}{2}}{1 - K_{түз.}} \cdot \frac{L_{тол.}}{R_{и}} \tag{3.3}$$

мұндағы $L_{тол.}$ – ақпараттың толық ұзындығы;
$K_{түз.}$ – түзету коэффициенті.

Ұзындыққа байланысты десте тұрақты келіп тұрған жағдайда (модель M/D/1) m(T) шешімі:

$$m(T) = \frac{1 - \frac{0,271}{2}}{1 - 0,271} \cdot \frac{17856}{512 \cdot 10^3} = 0,041 \text{ с}$$

Дестелер геометриялық заңмен келіп тұрғанда (модель M/G/1) m(T) мына формуламен анықтауға болады:

$$m(T) = \frac{0,75 - \frac{K_{түз.}}{2}}{1 - K_{түз.}} \cdot \frac{L_{тол.}}{R_{и}} \tag{3.4}$$

Дестелер геометриялық заңмен келіп тұрғандағы (модель M/G/1) m(T) шешімі:

$$m(T) = \frac{0,75 - \frac{0,271}{2}}{1 - 0,271} \cdot \frac{17856}{512 \cdot 10^3} = 0,029 \text{ с}$$

Желіде дыбыс тарату қызметін бағалауғажалпы кідірісті білу керек, ол күтудің орташа кідірісі кодектегі кідіріс және дестелеудегі кідірістің жиынтығы. Нәтижелінген кідіріс $m(T_{\Sigma})$ құралады, күтудегі кідірістен m(T), дестелеудегі кідірістен $\delta_з$ және дыбыс кодеріндегі алгоритмдық кідірістен $\delta_{кодер}$ келесі формуламен анықталады:

$$\delta_з = (L_{акп} + L_{транс})/R_и \quad (3.5)$$

Дыбыс кодеріндегі алгоритмдық кідірістен $\delta_{кодер}$ есептелуі:

$\delta_з = (2048 + 184)*8/512*10^3 = 34,875$ мс

Нәтижелінген кідіріс $m(T_\Sigma)$ келесі флhормула негізінде құралады:

$$m(T_\Sigma) = m(T) + \delta_з + \delta_{кодер} = m(T) + (L_и + L_{транс})/R_и + \delta_{кодер} \quad (3.6)$$

мұндағы $R_и$ = 512 кбит/с кезінде;
$\delta_{кодер}$ = 0.125 мс тең.

Барлық күтудегі кідірістің m(T) нәтижелінген кідірісін табайық $m(T_\Sigma)$:

$m(T) = 0,11 + 34,875 + 0,125 = 35,11$ мс,

$m(T) = 0,29 + 34,875 + 0,125 = 35,029$ мс,

$m(T) = 0,41 + 34,875 + 0,125 = 35,041$ мс.

Есептелудің нәтижесінде барлық күтудегі кідірістің m(T) нәтижелінгенін алдым. Яғни алғашқы дестенің тұрақта келіп тұрған жағдайы геометриялық заңмен есептелінген шамасына қарағанда көп болатындығын көруге болады.

3.4 Өткізу қабілеттілігі

IPTV қызметін қолданушылар желіге үлкен жүктеме түсіреді, себебі таратылатын дыбыс, дерек және бейне сигналдың қол жеткізерлік сапасын қамтамасыз ету үшін 8 Мбит/с-тан төмен болмайтын өткізу жолағын қолдану керек. Әрбір қолданушының жалпы жұмыс уақытының ұзақтығы күніне 1 сағатты құрайды. Е2 жолының жұмыс ұзақтығы 6 сағатты құрайды.

Таратылатын мәліметтердің көлемі мен уақыты туралы ақпарат статистикалық зерттеулердің негізінде алынған.

10 Гбит/с локалды желі бойынша таратылатын дауыстық мәліметтердің көлемін рұқсаттың бір серверімен есептейміз:

$$Q = \frac{q}{8} \cdot t \cdot 3600 \quad (3.7)$$

мұндағы q – ақпаратты тарату жылдамдығы (бит/с);
t – тарату уақыты (сағ).

Бір рұқсат серверімен таратылатын бейне мәліметтерінің көлемі 3.7 - формула бойынша есептелінеді:

$$Q = \frac{6000000}{8} \cdot 6 \cdot 3600 = 16200000000$$

Жұмыс күнінің ішінде пайдалы ақпаратты тарату үшін Gigabit Ethernet кадрларының қажетті санын есептейміз:

$$N = \left[\frac{Q}{2048} \right] + 1 \qquad (3.8)$$

мұндағы Q – таратылатын ақпарат көлемі (байт);
2048 – бір Gigabit Ethernet кадр бөлігінің ақпараттық ұзындығы.

Таратылатын кадрлар саны 3.8-формула бойынша мынаған тең:

$$N = \left[\frac{16200000000}{2048} \right] + 1 = 7910157 \text{ кадрлар/күніне.}$$

Жаппай қызмет көрсету теориясын қолдану үшін кадрлардың түсу жылдамдығы мен қызмет көрсету арасындағы қатынасты білу қажет.

Кадрлардың түсу жылдамдығын трафиктің интенсивтілігінен, яғни таратылатын кадрлар санынан [8] анықтаймыз:

$$V = \frac{N_{\text{кадрлар}}}{T \cdot 3600} \qquad (3.9)$$

мұндағы $N_{\text{кадров}}$ – жұмыс күні ішінде таратылатын кадрлар саны;
T – жұмыс күнініңұзақтығы, сағат.

Берілген шарттарда кадрлардың түсу жылдамдығы мынаған тең:

$$V = \frac{7910157}{6 \cdot 3600} = 366 \text{ кадр/с.}$$

Ақпаратты магистралді желі бойынша тарату үшін ақпараттық дестелерге адрестік ақпарат қосылады, демек, магистралді арна бойымен таратылатын кадрдың жалпы ұзындығы есептеледі:

$$L_{кадр} = L_{акп} + L_{транс} \qquad (3.10)$$

мұндағы $L_{инф}$ – кадрдың ақпаратты бөлігінің ұзындығы;
$L_{кадр}$ – кадрдың адрестік бөлігінің ұзындығы.

Gigabit Ethernet технологиясы үшін ақпараттық бөліктің ұзындығы (біздің жағдайда) $L_{инф}$=2048 байт және транспорттық бөліктің ұзындығы $L_{транс}$=184 байт, демек кадрдың жалпы ұзындығы (3.10) формула бойынша есептеледі:

$L_{кадр} = 2048 + 184 = 2232$ байт.

Қызмет көрсету жылдамдығын есептеу үшін магистралды арнаның нығайтылған жұмыс жылдамдығын аламыз. Бір кадрға қызмет көрсету уақыты (3.11) формуламен анықталады:

$$t_{кыз.кор.кад} = \frac{L_{кадр} \cdot 8}{V_{арна}}, \qquad (3.11)$$

мұндағы $L_{кадр}$ – таратылатын кадр ұзындығы, байт;
$V_{арна}$ – магистралды арнадағы ақпарат алмасу жылдамдығы, бит/с.

Магистралды арнадағы ақпарат алмасу жылдамдығының мәні:

$V_{арна} = 1 \cdot 10^9 .. 10 \cdot 10^9$

$V_{арна} = 1*10^9 = 1000000000$

Кадрға қызмет көрсету уақытының есептелуі:

$$t_{обс.кад1} = \frac{2232 \cdot 8}{1000000000} = 0{,}000017856,$$

$$t_{обс.кад3} = \frac{2232 \cdot 8}{3000000000} = 0{,}000005952,$$

$$t_{обс.кад4} = \frac{2232 \cdot 8}{4000000000} = 0{,}000004464,$$

$$t_{обс.кад5} = \frac{2232 \cdot 8}{5000000000} = 0{,}000003671,$$

$$t_{обс.кад6} = \frac{2232 \cdot 8}{6000000000} = 0{,}000002976,$$

$$t_{обс.кад7} = \frac{2232 \cdot 8}{7000000000} = 0{,}00000255,$$

$$t_{обс.кад8} = \frac{2232 \cdot 8}{8000000000} = 0{,}000002232,$$

$$t_{обс.кад9} = \frac{2232 \cdot 8}{9000000000} = 0{,}000001984,$$

$$t_{обс.кад10} = \frac{2232 \cdot 8}{10000000000} = 0{,}0000017856.$$

Қызмет көрсету жылдамдығы қызмет көрсету уақытына кері шама және ол 3.12-өрнекпен анықтаймыз:

$$V_{обслуж} = \frac{1}{t_{обс.кад}} = \frac{V_{канала}}{L_{кадра} \cdot 8} \qquad (3.12)$$

мұндағы $V_{арна}$ – арнаның жылдамдығы;
$L_{кадра}$ – кадрдың ұзындығы.

Қызмет көрсету жылдамдығының есептеуі:

$$V_{обслуж3} = \frac{1}{0{,}000005952} = 168010{,}7 \text{ бит/с},$$

$$V_{обслуж4} = \frac{1}{0{,}000004464} = 224014{,}3 \text{ бит/с},$$

$$V_{обслуж5} = \frac{1}{0{,}000003571} = 280033{,}6 \text{ бит/с},$$

$$V_{\text{обслуж6}} = \frac{1}{0{,}000002976} = 336021{,}5 \text{ бит/с,}$$

$$V_{\text{обслуж7}} = \frac{1}{0{,}00000255} = 392156{,}9 \text{ бит/с,}$$

$$V_{\text{обслуж8}} = \frac{1}{0{,}000002232} = 448028{,}7 \text{ бит/с,}$$

$$V_{\text{обслуж9}} = \frac{1}{0{,}000001984} = 504032{,}2 \text{ бит/с,}$$

$$V_{\text{обслуж10}} = \frac{1}{0{,}0000017856} = 560224 \text{ бит/с.}$$

Байланыс магистраль арнасынан қаншалықты пайдалануы 3.13-формуламен анықталады.

$$P = \frac{V}{V_{\text{обслуж}}} \tag{3.13}$$

мұндағы V –дестенің түсу жылдамдығы;
$V_{\text{обслуж.}}$ – дестелерге қызмет көрсету жылдамдығы.

$$P_1 = \frac{366}{56003{,}6} = 0{,}00653,$$

$$P_2 = \frac{366}{112007{,}2} = 0{,}00327,$$

$$P_3 = \frac{366}{168010{,}7} = 0{,}00218,$$

$$P_4 = \frac{366}{224014{,}3} = 0{,}00163,$$

$$P_5 = \frac{366}{280033{,}6} = 0{,}0013,$$

$$P_6 = \frac{366}{336021{,}5} = 0{,}00108,$$

$$P_7 = \frac{366}{392156{,}9} = 0{,}00093,$$

$$P_8 = \frac{366}{448028{,}7} = 0{,}00082,$$

$$P_9 = \frac{366}{504032{,}2} = 0{,}00073,$$

$$P_{10} = \frac{366}{560224} = 0{,}00065.$$

3.14-формула арқылы магистральді арнадағы дестенің жоқ болу ықтималдылығын табамыз

$$P_0 = 1 - P \tag{3.14}$$

мұндағы P – магистральдік арналы қаншалықты пайдалануы.

1 Гбит/с-дан 10 Гбит/с-қа дейін магистральді желінде жүзеге асып жаткан кадрдың және кадрдың жоқ болу ықтималдық деңгейін есептейміз:

$$P_{0(1)} = 1 - 0{,}00653 = 0{,}99347,$$

$$P_{0(2)} = 1 - 0{,}00327 = 0{,}99673,$$

$$P_{0(3)} = 1 - 0{,}00218 = 0{,}99782,$$

$$P_{0(4)} = 1 - 0{,}00163 = 0{,}99837,$$

$$P_{0(5)} = 1 - 0{,}0013 = 0{,}9987,$$

$$P_{0(6)} = 1 - 0{,}00108 = 0{,}99892,$$

$$P_{0(7)} = 1 - 0{,}00093 = 0{,}99907,$$

$$P_{0(8)} = 1 - 0{,}00082 = 0{,}99918,$$

$$P_{0(9)} = 1 - 0{,}00073 = 0{,}99927,$$

$$P_{0(10)} = 1 - 0{,}00065 = 0{,}99935.$$

3.4 - к е с т е. Тұтынушылар деңгейін есептеу нәтижелері және кадрлардың жоқ болу ықтималдығы

P	Po	Тқыз.көр.кад., с	Vқыз.көр., бит/с
0,00653	0,99347	0,000017856	56003,6
0,00327	0,99673	0,000008928	112007,2
0,00218	0,99782	0,000005952	168010,7
0,00163	0,99837	0,000004464	224014,3
0,0013	0,9987	0,000003571	280033,6
0,00108	0,99892	0,000002976	336021,5
0,00093	0,99907	0,00000255	392156,9
0,00082	0,99918	0,000002232	448028,7
0,00073	0,99927	0,000001984	504032,2
0,00065	0,99935	0,0000017856	560224

Тұтынушылар деңгейін есептеу нәтижелері және кадрлардың жоқ болу ықтималдығы толтырылған кестені қолдана отырып график сұлбаларын көрсету қажет.

Кестеден қызмет көрсету жылдамдығын алып және қызмет көрсету уақытын алып график тұрғызамыз. 3.1-суретте қызмет көрсету жылдамдығының қызмет көрсету уақытына тәуелділік графигі көрсетілген.



3.1-сурет. Қызмет көрсету жылдамдығының қызмет уақытқа тәуелділігі

Жоғарыда есептелінген есептерді кестеге толтыру арқылы және сол кестені пайдалана отырып келесі ықтималдықтар сұлбаларын саламын. Есептеу нәтижесінен арнаға тәуелді және өткізгіштік қасиетті аранадан кадр ықтималдығын графикте тұрғызамын (3.2 сурет және 3.3-сурет). 3.2-суретте өткізу жолағына байланыты желіні қолдану графігі көрсетілген.



3.2-сурет. Өткізу жолағына байланысты желіні қолдану графигі

Бұл графиктен, яғни 3.2-суретте көріп отырғанымыздай қызмет көрсету жылдамдығы өскен сайын өткізу жолағына байланысты желіні қолдану төмендейтінін көреміз.

3.3-суретте өткізу жолағына байланысты кадрлардың болмау ықтималдық графигі көрсетілген.



3.3-сурет. Өткізу жолағына байланысты кадрлардың болмау ықтималдық графигі

Есептеу нәтижесінен арнаға тәуелді және өткізгіштік қасиетті аранадан кадр ықтималдығының қиылысу графигін тұрғызамыз Өткізу жолағына байланысты кадр ықтималдықтарының қиылысу графигі.



3.4-сурет. Дестелерді қаншалықты пайдалануы және жоқ болуының ықтималдылығынын сұлбасы

Есептеу нәтижесінде графикте көріп отқанымыздай жұмысбастылық аз болған сайын кадрлардың жоғалуы көп болады. Магистральді желі үшін ең тиімді жылдамдық 4,5 Гбит/с.

Өткізу қабілеттілігін есептеу үшін біз Delphi 7 бағдарламасын пайдаландық, ол Б қосымшада көрсетілген.

3.5 Тиімділік параметрлерін есептеу

Егер элементтер санын n деп алсақ, элементтер жұмыс деңгейі және жұмысбастылық интенсивтілігі Xj және P(t) болады. Онда барлық желілердегі жұмыстың ықтималдығын тапса болады:

$$P(t) = \prod_{i=1}^{n} p_i(t) = \prod_{i=1}^{n} e^{-\lambda_i t} = e^{-\lambda t} \qquad (3.15)$$

мұндағы λ – жұмысбастылық интенсивтілігі;
t – қалпына келу уақыты, с.

Сенімділік кестесі 3.5-кестеде келтірілген.

3.5-к е с т е . Сенімділік кестесі

Сенімділік көрсеткіштері	МТ желі	Жүйелейді
Жұмысбастылық интенсивтілігі λ, с	10^{-7}	$4{,}5\cdot10^{-8}$
Қалпына келу уақыты t, *м*	0,5	10

$T_в$ байланыстың қалпына келу уақытын келесі формуламен анықтаймыз:

$$T_в = \frac{\lambda_{желі} \cdot n_{желі} \cdot t_{желі} + \lambda_{жүйе} \cdot L \cdot t_{жүйе}}{\lambda} \qquad (3.16)$$

мұндағы $\lambda_{желі}$ – желінің интенсивтілігі;
$t_{желі}$ – желіге кеткен уақыт;
$\lambda_{жүйе}$ – жүйенің интенсивтілігі;
$t_{желі}$ – жүйеге кеткен уақыт;
λ – жұмысбастылық интенсивтілігі.

Жұмысбастылық интенсивтілігін келесі формуламен анықтаймыз:

$$\lambda = \lambda_{сети} \cdot n_{сети} + \lambda_{сист} \cdot L; \qquad (3.17)$$

Жұмысбастылық интенсивтілігінің шешімі:

$\lambda = 10^{-7}\cdot 6 + 4{,}5\cdot 10^{-8}\cdot 488 = 22{,}6\ 10^{-6}$ с

$T_в$ байланыстың қалпына келу уақытының есептелуі:

$$T_в = \frac{10^{-7}\cdot 6\cdot 0{,}5 + 4{,}5\cdot 10^{-8}\cdot 488\cdot 10}{22{,}6\cdot 10^{-6}} = 9{,}7\ \text{с}$$

Байланысты қалпына келтіру уақытын мына формуламен анықталады:

$$\mu = \frac{1}{T_в} \qquad (3.18)$$

Байланысты қалпына келтіру уақытының есептелуі:

$$\mu = \frac{1}{9{,}7} = 0{,}1\text{с}$$

Желі санына байланысты тарату жүйесі үшін жұмысбастылық уақыты мына формуламен анықталады:

$$T_{н.желі.} = \frac{1}{\lambda_{желі} \cdot n_{желі}} \qquad (3.19)$$

Тарату жүйесі үшін жұмысбастылық уақытын есептеу:

$$T_{н.желі.} = \frac{1}{10^{-7} \cdot 6} = 1666666{,}7\,\text{с}$$

Тарату жүйесі үшін жұмысбастылық уақыты келесі формуламен анықталады:

$$T_{н.сист.} = \frac{1}{\lambda_{сист} \cdot L} \qquad (3.20)$$

Тарату жүйесі үшін жұмысбастылық уақытының есептелуі:

$$T_{н.сист.} = \frac{1}{4{,}5 \cdot 488} = 45454{,}5\,\text{с}$$

Барлық желі үшін жұмысбастылық уақыты келесі формуламен анықталады:

$$T_{н.о.} = \frac{1}{\lambda} \qquad (3.21)$$

Барлық желі үшін жұмысбастылық уақытының есептелуі:

$$T_{н.о.} = \frac{1}{22{,}6 \cdot 10^{-6}} = 44247{,}8\,\text{с}$$

Тарату жүйесі үшін дайындық коэффиценті:

$$K_{г.} = \frac{T_{н.о}}{T_{в} + T_{н.о.}} \qquad (3.22)$$

Мәндерді қою арқылы мына мәнді аламыз:

$$K_{г.} = \frac{44247{,}8}{9{,}7 + 44247{,}8} = 0{,}999788$$

Келесі аралықта t1=1 сағат; t2=1 ай =720 сағат; t3=1 жыл=8640 сағат; t4=10 жыл=86400 сағат жұмыс істеу уақытының ықтималдығын MathCad бағдарламасы арқылы есептелінді. Шыққан мәндер 3.5 – кестеде көрсетілген.



3.5-сурет. MathCad бағдарламасы

3.6 – к е с т е . Жұмыс істеу ықтималдығы

Уақыт аралығы t, сағат	1	720	8640	86400
Жұмыс істеу ықтималдығы	0,99998	0,98386	0,82262	0,242

Осы кестені пайдалана отырып жұмыс істеу графигін тұрғызамыз.

3.6-сурет. Жұмыс тәртібінің уақытқа тәуелді графигі

Желінің орташа-статистикалық сенімділігі мына формуламен анықталады:

$$H = P(t) \cdot K_г \qquad (3.23)$$

t = 1 м уақыттық аралық үшін Желінің орташа-статистикалық сенімділігі:

$H = 0{,}99998 \cdot 0{,}99978 = 0{,}99976$

Есептеу нәтижесінде орташа-статистикалық сенімділік мәні H = 0,99976 екендігін көреміз. Яғни, есептелу нәтижесі нормаға сай.

3.6 Сөзді тарату кезінде хабарламаның кешігуін есептеу

Егер желіге қарапайым бағдарлама ағыны N интенсивтілікпен $\lambda_{1,\ldots,}$ λ_n келсе, онда әрбәр бағдарлама типі үшін орташа тарату уақыты сәйке τ_1 ,..., τ_n болады. Бұдан орташа уақыт мына формула түрінде анықталады:

$$t_к = \frac{\sum_{i=1}^{N} \lambda_i \cdot \tau^{(2)}{}_i}{2(1 - R_{к-1})(1 - R_к)} \qquad (3.24)$$

мұндағы $R_{k-1}=p_1+p_2+\ldots+p_{k+n}$;
$R_k=p_1+p_2+\ldots+p_k$.

Егер желіге қарапайым бағдарлама ағыны N интенсивтілікпен $\lambda_{1,\ldots,}$ λ_n келсе, онда әрбәр бағдарлама типі үшін орташа тарату уақыты сәйке τ_1 ,..., τ_n болады. Орташа уақыттың есептелуі:

$$t_k = \frac{2 \cdot 0{,}01}{2(1 - 0{,}18)(1 - 0{,}2)} = \frac{0.02}{1{,}64 \cdot 0{,}8} = \frac{0{,}02}{1{,}312} = 0{,}015\, c$$

Бағдарламаны таратудың ауытқуы бағдарламаны таратудың орташа уақыт квадратына қатынасы мына формуламен есептеледі:

$$t_к = \frac{\sum_{i=1}^{N} \rho_i \tau_i (1 + \nu^2{}_i)}{2(1 - R_{к-1})(1 - R_к)} \qquad (3.25)$$

мұндағы к = 1, 2, …, N

Бағдарламаны таратудың ауытқуы бағдарламаны таратудың орташа

уақыт квадратына қатынасының есептелуі:

$$t_к = \frac{0,2 \cdot 10^{-3}\left[1+1^2\right]}{2(1-0,18)(1-0,2)} = \frac{4 \cdot 10^{-3}}{1,312} = 3,048 \cdot 10^{-3} = 0,003\,c$$

IPTV трафик "QoS базалық негізінде" AF41 маркерлену, бір бағытты кідіріс 150 мс, кідірістік тербеліс 30 мс аспауы керек. Есептеу нәтижесі кідіріс тербелісіне сай келеді,яғни есеп шарты орындалды.

4 Өмір тіршілік қауіпсіздігі

Менің дипломдық жұмысымда NGN желілірінде IPTV қызметтерін басқару моделі мен әдістері қаралады. Бұл айтылған жобаны жүзеге асыру үшін желіні ұйымдастыруға қажетті аппаратты-бағдарламалық кешендер мен жабдықтар қолданылады. Жадықтар, яғни дербес компьютерлер, стример, коммутатор, биллингті жүйенің серверлері, менеджмент жүйесінің сервері, бейне-серверлер, маршрутизаторлар, бағдарламалық жасақтама аралық сервері (middleware).

Бұл жабдықтар бөлек бөлмеде қондырылғын, ал операторлық бөлме оған көршілес бөлмеде орналасады. Қызметкер негізгі уақыт бөлігінде операторлар бөлмесінде болады,жабдықтарға арналған бөлмеге кезекші тәулігіне екі рет жабдықтың жұмыс істеу есептемесін алу үшін кіреді. Операторлардың еңбек тәртібі 2 ауысым 12 сағаттан ұйымдастырылған. Осылайша 4 оператор қызмет жасайды.

4.1 Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімі

Компьютерлік сырқат белгілері. Негізінен, компьютердің алдында отырып, жұмыс істейтіндердің шағымданатын сырқат белгілері екі топқа бөлінеді:

– көздің көру қабілетінің нәшарлауы;

– бастың желке тұсының (қарақұсының), мойын мен иық, жауырын, білектің ауыруы. Көру қабілетінің нәшарлауы оның бұлдырап, анық көрмеуі, өзіне түскен салмақтан күйген тәрізді ашып, қызаруы.

Көздің барлық көру қабілеті белгілерін біріктіріп, мамандар оны компьютерлік көру қабілетінің синдромы деп атайды. Дәрігерлердің айтуынша, компьютерлік көру қабілетінің синдромдары уақытша рефракцияның нашарлауына немесе күшеюіне, аккомодация көлемінің кішіреюіне, қарама-қарсылық сезімталдығының, сезіну қабілетінің әлсіреуіне әкеліп соқтырады.

Жалпы, бейне монитордың, жазу столының, отыратын орындықтың, тағы да басқаларының орналастырылуы дұрыс болуға тиісті. Орындықтың биіктігін, арқалығының дұрыс тұруын, клавиатураның тұрған орнын, дисплейдің көлемін, экранмен ара қашықтықта жұмыс істейтін адамның өзіне ыңғайластырып қойғаны абзал. Өмір тәжірибесі көрсеткеніндей, көп жағдайда дисплей өте жоғары тұрады, жүйелік блоктың үстіне қойылады. Соның салдарынан, басты үнемі көтеріп отыруға тура келеді де, мойын омыртқа тұсы ауыратын болады.

Монитор мен клавиатураның зияны. Компьютерден шығатын электромагниттік сәуленің адам ағзасына зиянды екендігі жөнінде көптен бері айтылып келеді. Алайда бұл барлық компьютерлерге тән емес. Қазіргі компьютерлерге қарағанда ертеректе шыққандары қауіпті. Олардың

арасындағы айырмашылық өте үлкен. Кейінгі жылдары шығарылған компьютерлер өз құрылысына қарай үш түрге бөлініп келді: «ақ», «сары», «қызыл» болып. «Ақ» құрылысты компьютерлер АҚШ-та, Жапонияда және Батыс Еуропа ерделінде шығарылғаны. Олар сапалы да қауіпсіз. «Сары» құрылысты компьютерлер Азия елдерінде (Гонконг, Тайвань) жасалынғаны. Сапасы өте жоғары емес. «Қызыл» құрылысты компьютерлер өзіміздің шеберлердің құрастырғандары. Зиянды сәулені көбірек бөлетіні де осылар.

Бұрындары көбінесе монитор өте зиянды дейтін. Мамандар клавиатураның одан да қауіптірек екенін айтады. Себебі, клавиатурадағы төмен диапозаннан тарайтын электромагниттік сәулелер саусақ арқылы ағзаға әсер ететін көрінеді. Нәтижесінде, компьютермен көп жұмыс істеген адам жүйке ауруына ұшырайды. Және де компьютердің алдында көп отырғандар саусақ ауруларына да шалдығады.

Дербес компьютер жабдықталатын бөлменің ішкі көрінісін әрлеуге пайдаланылатын полимерлік материалдар санитариялық-эпидемиологиялық сараптауға жатқызылады және жабық бөлме ауасына зиянды химиялық заттарды бөлмеуі тиіс. Компьютер жабдықталатын бөлменің еденінің беті антистатикалық қасиеттері бар материалдардан ойықтарсыз және саңылауларсыз жасалады.

Компьютерді пайдаланушылар үшін үстелдің жұмыс бетінің өлшемі: 725-ке тең, реттелмейтін биіктігі кезінде ені 800, 1000, 1200 және 1400 мм, тереңдігі 800 және 1000 мм болуы керек. Үстелдің жұмыс бетінің биіктігі 680-800 мм шегінде болуы тиіс. Компьютер бар жұмыс орындарын орналастыру кезінде бейнемониторлары бар жұмыс үстелдері мен бір бейнемонитордың сыртқы бетінің арасындағы экранға дейінгі қашықтық кемінде 2 м, бейнемониторлардың бүйір беттерінің арасындағы қашықтық кемінде 1,2 м болып көзделеді.

Жұмыс кезеңінде профилактикалық мынадай іс-шаралар жүргізіледі: әрбір 20 – 25 сағат сайын көзге арналған жаттығулар және үзіліс кезінде 45 минут сайын дене шынықтыру жаттығулары жасалады.

Дербес компьютерде жұмыс істеу негізгі болып табылатын бөлменің жұмыс орнының дыбыс деңгейі 50 акустикалық децибелден дБА) асырмай қабылданады.

Инженерлік-техникалық жұмыстарды орындау кезінде, зертханалық, талдамалық және өлшеп бақылауды жүзеге асыру кезінде дербес компьютер бар үй-жайлардағы шудың деңгейі 60 дБА-ден аспауы тиіс, операторлардың үй-жайларында шудың деңгейі 65 дБА-ден аспайды, есептеу машиналарының шулы агрегаттары орналасқан үй-жайлардың жұмыс орындарындағы шу деңгейі 75 дБА-ден аспайды.

Одан болатын шу деңгейін төмендету мақсатында үй-жайларды әрлеу үшін дыбысты бәсеңдететін қауіпсіз материалдар пайдаланылады.

Шу деңгейі нормативтік белгіленген шектен асатын жабдық (басып шығаратын құрылғылар, серверлер және басқалар) ДК-мен, БТ-мен жабдықталған үй-жайлардан тыс орналастырылуы тиіс.

Компьютерлер мен бейнетерминалдардан болатын дыбыс деңгейінің және октавалық жиілік жолақтарындағы дыбыс қысымының рұқсат етілген деңгейлері 4.1-кестеде көрсетілген.

4.1-к е с т е . Рұқсат етілген деңгейлер кестесі

Октавалық жолақтардағы (бұдан әрі – ОЖ) орташа геометриялық жиіліктегі Герц (бұдан әрі – Гц) дыбыс қысымының (бұдан әрі – дБ) деңгейлері									дБА–мен өлшенген, дыбыс деңгейлері
31,5 Гц	63 Гц	125 Гц	250 Гц	500 Гц	1000 Гц	2000 Гц	4000 Гц	8000 Гц	
86 дБ	71 дБ	61 дБ	54 дБ	49 дБ	45 дБ	42 дБ	40 дБ	38 дБ	50

Жарыққа да мән берген жөн. Негізінен, жарықтың қапталдан түскені қолайлы және бөлменің төбесі қабырғасына қарағанда ашық, ақ болуы шарт.

Жұмыс үстелі бетіндегі жарықтандыру жалпы жүйеден кемінде 300 люкс (бұдан әрі – лк), аралас жарықтандыру кезінде 500 лк және ол болмаған жағдайда 400 лк болады. Жарықтандыру экранның бетінде жылтылдауды болдырмауды қамтамасыз ететіндей етіп жасалады. Экран бетінің жарықтануы 200 лк аспайды.

Жасанды жарықтандыру кезінде жарық көзі ретінде люминесцентті шамдар пайдаланылады. Жергілікті жарықтандыру шырағдандарында қызу шамдарын, оның ішінде энергия үнемдейтін шамдарды қолдануға жол беріледі. Монитордың экранында жалтылдауды болдырмау үшін терезе жақтаулары күндізгі жарықты өткізбейтін қорғаныш құрылғыларымен жабдықталады

Дербес компьютерді пайдалана отырып жұмыс істеу қосалқы, негізгі болып табылатын және жүйке-эмоциялық жүктемемен байланысты өндірістік үй-жайларға арналған микроклиматтың оңтайлы нормалары 4.2-кестесінде көрсетілген талаптарға сәйкес келеді.

Сонымен қатар, бөлме жылыту жүйелерімен жабдықталады және жалпы алмасу желдету жүйесі болуы тиіс.

4.2-к е с т е . Микроклиматтың оңтайлы нормалар кестесі

Жыл кезеңі	Жұмыс санаты	Ауа температурасы, аспайды	Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, %	Ауа қозғалысының жылдамдығы, (бұдан әрі – м/с)
1	2	3	4	5
Салқын	1а жеңіл	22 – 24	40 – 60	0,1
	1б жеңіл	23 – 21	40 – 60	0,1
Жылы	1а жеңіл	23 – 25	40 – 60	0,1
	1б жеңіл	22 – 24	40 – 60	0,2

ДК және БТ-мен жұмыс істеу кезінде үй-жайлардың ауасының иондану деңгейлері 4.3-кестеде келтірілген нормаларға сәйкес болуы тиіс.

4.3-к е с т е . Ауаның иондалу деңгейлері

Деңгейлері	1 текше метр ауадағы иондардың саны (бұдан әрі – $м^3$)	
	n+	n-
1	2	3
Ең аз қажетті	400	600
Оңтайлы	1500 – 3000	3000 – 5000
Барынша рұқсат етілген	50000	50000

4.1.2 Өндірісте өрт шыққан кезде қауіпсіз әрекет жасау ережесі. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы №1367 қаулысымен Төтенше Жағдайлар министрлігімен негізінде бекітілген ереже.

Өрт – ең көп таралған қатердің бірі. Елімізде орта есеппен алғанда күн сайын шамамен 40-50 өрт болады екен, күн сайын өрт кезінде бір немесе екі адам көз жұмып, әр түрлі дәрежедегі күйікке шалдығады.

Қазақстан Республикасында ағымдағы жылдың өткен маусымы аралығында 16 837 өрт шығып, олардан келген материалдық шығын 4 млрд. теңгеден астам. Шамамен 12000-дай тұрғын үй мен құрылыс күлге айналған. Өртте 435 адам қаза тапты, оның ішінде 51-і кішкентай балалар, 604 адам әр түрлі дәрежедегі жарақат алып, күйікке шалдығып уланған. Өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері өртте 2503 адамды құтқарған.

Тұтанулар мен өрттерді талдау нәтижесі көрсетіп отырғандай, өрттің 70%-ы адамдардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауынан және оны білмеуінен болады екен. Міне сондай өрттің негізгі себептері:

– отты абайсыз қолдану;

– тұрмыстық электр құралдарын монтаждау және техникалық пайдалану ережелерін сақтамау;

– жылу беру пештерін орнату немесе пайдалану ережелерін сақтамау;

Жалын мен түтіннің таралуының негізгі жолдары – саты торлары, лифт шахталары, әр түрлі коммуникацияларға арналған арналар, далдалардағы саңылаулар.

Төменгі қабаттардың бірінде өрт шыққан кезде 5-6 минуттан кейін түтін саты торының биіктігімен таралып, түтіннің соншалықты қою болатынын ескере отырып, ол жерде тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарынсыз болу мүмкін емес.

Жоғары қабаттардағы, әсіресе желдің өтінде орналасқан бөлмелерде түтіндену қатар болады. Көрудің нашарлауы, үрей, жану өнімдерінің улы әсері адам өліміне әкелуі мүмкін. Өрт шыққаннан кейін бесінші минутта өрт орнына жанасқан саты торындағы температура 120-140°С жетіп, адам үшін шекті рұқсат етілген мәнінен (60°С) едәуір асады.

Өрт шыққан жерден екі-үш қабаттың көлеміндегі саты торының биіктігінде жылу (100-150°С) түзіліп, одан жеке қорғану құралынсыз өту мүмкін болмайды.

Ғимараттың қасбетінде көлденең бөгеттер болмаған жағдайда жалын өрт шыққан сәттен бастап терезе арқылы 15-20 минуттан соң балкон, лоджия, терезе арқылы жоғарыға таралып, құрылыс заттарының жаңғыш элементтері мен жоғары орналасқан қабаттардағы тұрмыстық заттарды тұтандыруы мүкін.

Кәсіпорын өрт қауіпсіз ережелеріне сай техникалық сақтану шараларын қолдану қажет. Соның бірі өрт сөндіргіш құраллдарын орнату және жұмыскерлеріне қолдану туралы үйрету.

Өрт сөндіргіш құралдары шекті аумағына, қорғану үйлері мен N 3941-77 ИСО-ға сәйкес объектілердегі өрттің жанғыш заттар мен материалдардың класына сай жүргізіледі: А класы - қатты заттардың негізінен органикалық заттардың быксып жануы; В класы - жанғыш сұйықтардың немесе ерігіш қатты заттардың жануы; С классы - металл мен олардың қорытпаларының жануы; Д классы - металл мен олардың қорытпаларының жануы; Е классы - электр қондырғыларының жануы;

Көмірқышқылы өрт сөндіргіштер (ОУ)Ауа кірмей жанып жатқан заттарды сөндіруге арналған (4.1 сурет). Электр қозғалтқыштарды, электр қондырғыларды, химиялық зертханаларды, мұрағаттарды, мұражайларды сөндіруде теңдесі жоқ. Төмен температураға төзімді.

ОУ іске қосу: пломбаны жұлып тетігін шығару;_түтігін отқа қарату; иінтірегін басу.



4.1-сурет. Көмірқышқылы өрт сөндіргіш

Жол берілмейді: өрт сөндіргішті тігінен немесе басын төмен аударып ұстауға; раструбына дененің ашық жерлерін тигізуге (оның бетіндегі температура - 60-70 ЭС төмендейді); раструбты кернеулі тұрған электр қондырғыға 1 м жақын келтіруге.

Ұнтақты өрт сөндіргіштер (ОП). Қатты, сұйық және газды заттарды, сондай-ақ кернеуі 1 кВ дейінгі электр қондырғыларын сөндіруге арналған (4.2.-сурет).

Олар көліктерде, гараждарда, қоймаларда, офистерде, банктерде, өнеркәсіптік объектілерде, емханаларда, мектептерде, жеке меншік үйлерде және т.б. жерлерде қойылады.

ОП іске қосу:_тетігін жұлу; басқышын қосу; аузын өртке қарату; иінтірегін басау; отты кемінде 5 м сөндіру; өрт сөндіргішті пайдалану кезінде оны сілку керек; өрт сөндіргішті тігінен қолданады (аударуға болмайды!).

4.2-сурет. Ұнтақты өрт сөндіргіштер (ОП)

Ішкі өрт сөндіру крандарын іске қосу: шкаф есігін ашу; кранмен және оқпанмен қосылған жеңді өртке қарай бағыттап тарту керек; тегершікті сағат тілінің жүрісіне қарсы бұру арқылы бұранданы ашу; суды оқпаннан бағыттау

4.3-сурет. Ішкі өрт сөндіру крандары

Өрт сөндіргіштің түрін таңдау (жылжымалы немесе қолға ұстайтын) болатын ошағының мөлшеріне қарай алынады. Едәуір мөлшердегісіне жылжымалы өрт сөндіргіштер пайдаланылады.

Электр тогының қысқа тұйықталуы және электр желілерінің артық жүктемесі электрден тұтанудың негізгі себептері болып табылады. Оқшаулаудың қараюы, жанып жатқан резина мен пластмассаның иісі, ұшқынның шашырауы - электр желілерінің бықсу немесе жану белгілері болып табылады. Осы белгілер байқалған жағдайда дереу электр құралын тоқтан ажырату керек, тұтану ошағына оттегінің жетуін тоқтату үшін оны қалың матамен жауып тастап, 101 телефонына хабарлау керек.

Электр құралдарын немесе тоғы бар электр желісін сумен өшіру өмірге қауіпті.

Электрден болатын өрттің шығуына жол бермеу үшін:

– розеткаға бір мезгілде бірнеше электр құралдарын (компьютер, және т.б. элетр құрылғыларын) қосуға;

– электр желісіне түсқағаз жабыстыруға, оларды шегеге іліп қоюға,

түйіндеп байлауға, оларға тақап әр түрлі заттарды қоюға;

– электр шамдарына қағаздан жасалған заттарды ілуге;
– тоқтан ажыратылмаған электр құралдарын қараусыз қалдыруға;
– бұзылған электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

4.2 Еңбекті қорғау бөлімі

4.2.1 Операторлық бөлме жағдайынының талдауы.



1 – есік; 2 – терезе; 3- оргтехника; 4 –желдеткіш; 5 – серверлік

4.4-сурет. Жабдықтар мен операторлық бөлме жобасы

Жұмыс бөлмесі екі терезе, оргтехника, желдеткіштер, сервер бөлмесі мен есікті қамтиды. Операторлар бөлмесінің өлшемі – ұзындығы 5 м, ені 4 м, биіктігі 2.65 м. Ток соғу қауіпсіздігіне қарай бөлме: қауіпсіздігі төмен бөлмелер классына жатады, бұл құрғақ, шаңсыз және қалыпты температурадағы бөлмелер классы.

ТЖК – бөлме ішіндегі беттің белгілі бір нүктесіндегі табиғи жарықтың (тікелей түсетін немесе шағылған), сыртта аспан ашық болған кездегі көлденең жарықтануға қатынасы, %. ТЖК келесі формула арқылы анықталады:

$$e_H^{IV} = e_H^{III} \cdot m \cdot C \qquad (4.1)$$

мұндағы: e_H^{II} – ТЖК-нің 2-ші дәрежеге қатысты мәні, $e_H^{II} = 1{,}5$;
m – жарық климатының коэффициенті, $m = 0{,}75$.

Табиғи жарықтандыруды есептеу – жарық түсетін орындардың аудандарын анықтауға негізделген.

$e_H^{IV} = 1{,}5 \cdot 0{,}75 = 1{,}125$

Бүйірден жарықтандыру кезінде, ТЖК-нің нормаланған мәнін қамтамасыз ететін терезелердің ауданын келесі формула бойынша есептейді:

$$100 \cdot \frac{S_0}{S_б} = \frac{e_H^{IV} \cdot \eta_0}{\tau_0 \cdot r_1} \cdot K_{гим} \cdot K_{кор} \qquad (4.2)$$

4.1 - формуласы арқылы жарық түсу қимасының ауданын табамыз:

$$S_0 = \frac{S_б \cdot e_H^{IV} \cdot \eta_0 \cdot K_{гим} \cdot K_{кор}}{100 \cdot \tau_0 \cdot r_1} \qquad (4.3)$$

мұндағы $S_б$ – бөлме ауданы, $S_п = B \cdot L = 20 м^2$;

$e_н$ – ТЖК-нің нормаланған мәні, $e_н = 1{,}5$;

$K_{кор}$ – қор коэффициенті, $K_{кор} = 1{,}2$;

τ_0 – жарық өткізудің жалпы коэффициенті;

η_0 – терезелердің жарық сипаттамасы;

r_1 – ғимаратта төселетін төсеніш беттің және бөлме қабырғаларынан шағылудың нәтижесінже ТЖК-нің өсуін ескеру коэффициенті;

$K_{гим}$ - қарсы тұрған ғимараттың терезені көлеңкелеуін ескеретін коэффициент.

τ_0 келесі формуламен табылады:

$$\tau_0 = \tau_1 \cdot \tau_2 \cdot \tau_3 \cdot \tau_4 \qquad (4.4)$$

Жарық өткізгіш материал ретінде – дара әйнек үшін $\tau_1 = 0{,}8$, қосарланған жеке әйнек үшін $\tau_2 = 0{,}6$, темір бетонды тіркемелі құрылым үшін $\tau_3 = 1$, егер бар болса реттелмелі жалюзилер және перделер үшін $\tau_4 = 1$. Демек, жалпы коэффициенті τ_0=0,43.

r_1=1,3, $K_{гим}$ = 1,2 деп аламыз.

η_0 мәнін алу үшін ұзындықтың тереңдікке қатынасын алу керек:

$$\frac{\alpha}{B} = \frac{5}{3} = 1{,}7$$

Тереңдіктің биіктікке қатынасы:

$$\frac{B}{h_1} = \frac{3}{1,7} = 1,8$$

Тереңдіктің еніне қатынасы:

$$\frac{B}{\beta} = \frac{3}{4} = 0,75$$

мұндағы h_1 – жұмыс орнынан терезенің жоғарғы деңгейіне дейінгі қашықтық.

Терезелердің жалпы ауданын 4.3 - формуласы бойынша анықтаймыз:

$$S_0 = \frac{20 \cdot 1,125 \cdot 13 \cdot 1 \cdot 1,2}{100 \cdot 0,43 \cdot 1,7} \approx 4,8 \quad (\text{м}^2)$$

ТКЖ-нің мөлшерленген мәнін қамтамассыз ету үшін II сипаттамаға сай терезенің жалпы ауданы 4,8 м^2 көру қабілетін қажет ететін жұмыстар үшін e_N=1,125-ке тең параматрі 5х4х2,65 болатын операторлық бөлме қажет. Бөлме ұзындығы *A*=5 м, ал терезе қимасының ұзындығы *L*=1,5 м болғанда терезелер және шеткі қабырғаларға дейінгі ара қашықтықтар:

L1=4,8/3= 3,2 м



4.5.-сурет. Жасанды жарықтану кезіндегі бөлме сұлбасы

